



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

«Ақорда» резиденциясында төрт мемлекеттің жаңадан тағайындалған Төтенше және өкілетті елшілерінің, сондай-ақ Еуропа Одағы өкілдігі басшысының Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Мемлекет басшысына Франция елшісі Сильван Гиоге, Еуропа Одағының елшісі Алешка Симкич, Финляндия елшісі Янне Хейсканен, Канада елшісі Кристофер Дагган, Бразилия елшісі Марсель Фортуна Биато сенім грамоталарын тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілермен жүздесу барысында Қазақстан бейбіт

дипломатия қағидатын ұстанатын ел екенін әрі халықаралық аренадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса алатынын атап өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымымен жаһандық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға бейіл екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттері басшыларына ізгі тілегін жолдады.

ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ СЕРІКТЕСТІГІ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция елшісі Сильван Гиогені қабылдады.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Франция елшісін жаңа қызметімен құттықтап, оның дипломатиялық миссиясы екіжақты қатынастардың өте белсенді даму кезеңімен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Франциямен арадағы ынтымақтастықты жан-жақты тереңдетуге ниетті екенін жеткізіп, елші Сильван Гиогені жауапты қызметіне табыс тіледі.

Кездесуде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдағы уақытта Франция Республикасына жасайтын мемлекеттік сапарының жай-жапсары талқыланды.

Президент аталған сапар Астана мен Париж арасындағы байланыстардың келешегін айқындап, қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің нығаюына тың серпін беретініне сенім білдірді.

ҮЛЕСКЕР ТАУҚЫМЕТІ ТҮЙІММЕН ШЕШІЛЕ МЕ?


Тұрғын үй құрылысы саласында тағы да реформа! Оның аясында құрылыс компанияларына заңнаманы айналып өтіп, үлескерлердің қаржысын тартуына жол бермеу үшін пәтерді алдын ала брондауға тыйым салынады. Бұрын «сатып алу құқығынсыз» таратылған арендалық баспананы жекешелендіруге рұқсат етіледі. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте үй алатындардың санаты өзгереді. Үй кезегін қалыптастыру тәртібі жетілдіріледі. Реформа тағы қандай жаңашылдық әкелмек?

(Жалғасы 6-бетте)



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алжир Президенті Әбделмәжид Теббунға құттықтау жеделхатын жолдап, Алжир Халық Демократиялық Республикасының ұлттық мерекесі – Революция күнімен құттықтады.



Президент бейбітшілік пен ынтымақ қағидатын берік ұстанған Алжир мемлекетінің өркендей беруіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ достық пен өзара түсіністікке негізделген мемлекетаралық қатынастарды одан әрі нығайтуға дайын екенін растады.

ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы күштік құрылымдарға тағайындалған лауазымды тұлғаларды қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Қанатай Далматовты, Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Бауыржан Әленовті және Алматы облысы Полиция департамен-

тінің бастығы Мейрам Әбікеевті қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы тиісті ведомстволардың жауапты қызмет бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

САЯСАТ

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Сенатта Инклюзия жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда депутаттар, мемлекеттік органдардың өкілдері және сарапшылар ерекше қажеттілігі бар азаматтардың сапалы білім алу мүмкіндігін кеңейту, сондай-ақ оларды іске асыру жолдарын талқылады. Отырысқа бірқатар министрлік пен халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев Ләззат Қалтаеваны Сенат Төрағасының кеңесшісі болып тағайындалуымен құттықтады. Сондай-ақ ол Ләззат Қалтаева Палата жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің төрағасы болып қала беретінін атап өтті. Сенат Төрағасы әріптесіне сенатор ретінде заң шығару саласында атқарған еселі еңбегі үшін Мемлекет басшысының Алғыс хатын салтанатты түрде тапсырды.

Іс-шара барысында Палата Спикері баршаға тең мүмкіндік жасалған инклюзивті қоғам қалыптастыру ел Президенті қолға алған реформалардың маңызды бағытының бірі екенін айтты. Соңғы жылдарда осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде көптеген салада оң үрдіс байқалып отыр.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев қазір Қазақстанда 725 мыңға жуық мүгедектігі бар адам тұратынына, оның 232 мыңы ерекше білім беруді қажет етініне назар аударды. Сенат Төрағасы олардың бәрі лайықты білім алуға құқылы екенін тілге тиек етіп, аталған мәселеде әлі де болса түйіні тарқатылмаған түйткілдер барын еске салды. Бұл, ең алдымен, кәсіптік және жоғары білім алуға қатысты болып отыр.

«Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны артып отыр. Сондықтан барлық балаға сапалы білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз етуді жетілдіру керек.

Ерекше қажеттілігі бар адамдарды оқыту орта біліммен шектелмеуге тиіс. Олардың лайықты жұмыс тауып, қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін кәсіби және жоғары білім алуына да жағдай жасалуы қажет. Қазір жоғары оқу орындарында білім алып жүрген мүмкіндігі шектеулі азаматтар саны аз. Бұл аталған санаттағы адамдардың сапалы білім алуына кедергі келтіретін қиындықтар бар екенін көрсетеді. Демек, олардың әрі қарай жұмысқа орналасып, қоғамнан өз орнын табуына теріс әсер ететін мәселелер жоқ емес», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы сапалы білім алуға және мүгедектігі бар адамдардың қабілеттерін дамытуға тұсау болып отырған тағы бір өзекті мәселеге тоқталды. Ол — еңбек нарығының осы санаттағы азаматтардың қажеттіліктеріне бейімделмеуі.

Елімізде 2012 жылдан бері мемлекеттік білім гранттарын бөлу кезінде I пайызы мүмкіндігі шектеулі жандарға қарастырылып келеді. Алайда палата Спикерінің айтуынша, бұл шара жеткіліксіз. Инклюзивті білім беруге қатысты проблемаларды шешу кешенді тәсілді қажет етеді. Сондықтан бұл ретте заманауи білім беру бағдарламалары, оқытудың тиімді әдістері, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істей алатын білікті педагогтер даярлау сияқты мәселелерге баса мән берген жөн.

МӘЖІЛІС СПИКЕРІ ҚЫРҒЫЗСТАНҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Жогорку Кенеш төрағасы Нурланбек Шакиевпен кездесіп, Қазақстан мен Қырғызстан парламенттері арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Парламентаралық кеңестің екінші отырысына қатысты. Сондай-ақ ресми сапардың екінші күнінде Ерлан Қошановтың Қырғыз Республикасы Президенті Садыр Жапаровпен кездесті.

Жогорку Кенеш депутаттарымен кездесу барысында басты тақырып — парламентаралық ынтымақтастықты нығайту болды. Мәжіліс Төрағасы екі мемлекет басшылары арасындағы келісімдерді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету Қазақстан мен Қырғызстан парламентшілерінің басты міндеті екенін атап өтті.

— Ағайынды Қырғызстан әрдайым еліміздің сенімді стратегиялық серіктесі және солай болып қала бермек. Соңғы жылдары жоғары деңгейдегі кездесулердің қарқыны да, мазмұны да ынтымақтастығымыздың одақтастық сипатын айшықтайды. Президент Садыр Жапаровтың биылғы Қазақстанға жасаған ресми сапарының тарихи маңызы зор болды. Одақтастық қатынастарды тереңдету мен кеңейту туралы мемлекетаралық шарт және бірқатар маңызды салалық келісімге қол қойылды, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері қырғыз әріптестеріне Қазақстанда Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси өзгерістер туралы айтып берді. Ол сондай-ақ көппартиялы Мәжілістің VIII шақырылымдағы заңнамалық қызметі туралы хабардар етті. Әсіресе, Қазақстан қоғамы үшін маңызы зор «Ұлттық қор — балаларға», әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, құмар ойынға тәуелділік пен есірткі өндірісіне қарсы күрес туралы заңдарға кеңінен тоқталды.

Мәжіліс Төрағасы екі ел депутаттары арасында ең өзекті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік беретін тұрақты және сындарлы диалог орнағанын атап өтті.

Ерлан Қошанов ТМД Парламентаралық Ассамблеясы, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының Парламенттік Ассамблеясы, Түркі мемлекеттері ұйымының Парламенттік Ассамблеясы, сондай-ақ «Орталық Азия — Корея Республикасы» парламенттері спикерлерінің кездесу форматтары аясында ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді. Ол Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы парламентаралық ынтымақтастықтың ерекшелігі ретінде халықаралық бастамаларды өзара қолдаудың тұрақтылығына назар аударды.

Кездесу соңында Мәжіліс Спикері Жогорку Кенеш төрағасы Нурланбек Шакиевке Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы екіжақты



қарым-қатынасты нығайтуға және дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Достық» орденін табыстады. Жогорку Кенеш төрағасының орынбасары Нұрбек Сыдығалиевке Құрмет грамотасы берілді.

Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысында депутаттар экономика, инвестиция, су энергетикасы, көлік, білім беру және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты талқылады.

— Екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағыты — су қауіпсіздігі. Бұл саладағы тиімді әріптестік су ресурстарын ұтымды әрі әділетті пайдалануға, тараптардың мүдделерін ескеруге және өзара міндеттемелерді орындауға негізделеді. Биыл бірлесіп атқарған шаралардың арқасында суару маусымы еш шығынсыз өтті, — деді Ерлан Қошанов.

Депутаттар энергетика саласындағы байланысты дамыту мәселесін де талқылады. Мәжіліс Спикері биыл жазда Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында Камбар-Ата гидроэлектр стансасын салу туралы ұшжақты келісімге қол қойылуы маңызды оқиға болғанын атап өтті.

Мәдени-гуманитарлық саладағы қарым-қатынас туралы айта келе, Парламент төрағалары мемлекет басшыларының тапсырмасымен мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, туризм салаларында бірлескен жобалар сәтті жүзеге асырылып жатқанына тоқталды. Жастар мен студенттер белсенді түрде тәжірибе алмасып жатыр. Бүгінде Қырғызстанда Қазақстанның екі жоғары оқу орнының филиалы жұмыс істейді.

Парламентаралық кеңестің екінші отырысы соңында Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші мен Қазақстан Республикасы Парламенті арасындағы ынтымақтастық бойынша Парламентаралық кеңес туралы ережеге қол қойылды.

Сонымен қатар сапар барысында Мәжіліс Төрағасы мен депутаттар 1916 жылғы қайғылы оқиға кезінде қаза тапқандарға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, ұлы қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың зираты мен мұражай-үйіне барды.

Ресми сапардың екінші күніне Ерлан Қошановтың Қырғыз Республикасы Президенті Садыр Жапаровпен кездесті.

Мәжіліс Спикері Қырғызстан басшысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізі мен ізгі тілегін жеткізді. Сон-

дай-ақ Садыр Жапаровтың бауырлас халықтар арасындағы достық пен одақтастық қатынастарды нығайтуға қосқан зор үлесін атап өтті.

Ерлан Қошанов қазіргі таңда Орталық Азия тұтас өңір ретінде жаңа даму кезеңін бастан кешіп жатқанына, бұл кезеңді Қазақстан Президенті «Орталық Азия Ренессансы» деп атағанына назар аударды. Мәжіліс Төрағасы мемлекет басшылары қабылдаған «Орталық Азия—2040» өңірлік ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруда парламенттердің белсенді рөл атқаруға ниетті екенін жеткізді.

Қырғызстан Президентіне Жогорку Кенеш төрағасы Нурланбек Шакиевпен кездесудің және Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші мен Қазақстан Республикасы Парламенті арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Парламентаралық кеңестің екінші отырысының нәтижелері туралы ақпарат берілді. Мәжіліс Спикері екіжақты қатынасты нығайтудағы Кеңес жұмысының маңыздылығына ерекше тоқталды.

— Парламентаралық кеңес Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы саяси диалог пен өзара түсіністікті одан әрі тереңдетуге ықпал ететін болады. Оның тиімділігін көріп отырмыз. Кеше қырғыз әріптестерімізбен сауда-экономика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың келешегін талқыладық. Шекаралық бақылау, су және энергетика қауіпсіздігі салаларындағы ықпалдас-тыққа да ерекше көңіл бөлдік. Сонымен қатар біздің Кеңес заң шығару қызметінде тәжірибе алмасуға, туындаған мәселелер бойынша шұғыл шешімдер қабылдауға және парламенттеріміздің депутаттары арасындағы байланысты нығайтуға зор мүмкіндік береді, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері сондай-ақ Қырғыз Республикасына алдағы Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалығына табыс тілеп, екі ел депутаттарының ТҮРКПА, ҰҚШҰ ПА, ТМД ПА секілді халықаралық алаңдарда және аймақ үшін жаңа форматтағы «Орталық Азия — Корея Республикасы» Парламент спикерлерінің кеңесінде келісілген жұмысын атап өтті.

Қырғыз Республикасының басшысы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сәлемін жолдап, оның жетекшілігімен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды жоғары бағалады.

БАҒДАР

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



ТАЗАЛЫҚ – ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ

«АМАНАТ» партиясы еліміздің барлық аймағында кезекті «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын өткізді. Бұл акция экологиялық сана қалыптастырып, азаматтардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруды көздейді. Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында ұйымдастырылды.



Қызылорда облысы Арал қаласының Теміржол аллеясы аумағында аудандық мәслихат депутаттары, партия қызметкерлері, бастауыш партия ұйымдардың белсенді мүшелері және жастардың қатысуымен тазалық жұмыстары жүргізілді. Қоршаған ортаны жақсарту мәселесіне басымдық берген аманаттықтар аумақтағы қоқыстарды жинап, ағаштар түбін ақтады. Жүргізілген тазалық жұмыстары барысында жиылған қоқыс жүк көлігіне тиеліп, қоқыс орнына жөнелтілді.

«Тұрған жеріміздің тазалығына, келбетінің көркеюіне атсалысу – әрбір тұрғынның міндеті. Тазалық қоқыстарды жинаған жерде емес, шашпаған жерде қалыптасады. Сондықтан әр адам керексіз затты тастар алдында ойлану керек. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау әрбірімізге сын. Сондықтан барлық аудан тұрғындарын тазалық сақтауға шақырамын», – деді партияның аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Талғат Қанатов.

Игі іс Өскемен қаласында жалғасын тапты. Партия мүшелері Ертіс жағалауындағы «Желтоқсан алауы» монументінің айналасын қоқыстан тазартты. Сонымен қатар есірткі жарнама лаған жазбаларды өшіріп, ақтап-әрлеу жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға қатысқан «АМАНАТ» партиясы ШҚО филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Аманбай Нуркенов мұндай акция тарихқа құрмет көрсетуге ықпал ететінін айтты.

«Егемендікке қол жеткізу жолында құрбан болған желтоқсаншыларға құрмет көрсетіп, олардың ерлігін еске алу – біздің міндетіміз. Мұндай акциялар тек қоқыс жинаумен шектелмейді, бұл – біздің тарихымызды құрметтеу мен оны болашақ ұрпаққа

жеткізуге арналған әрекет», – деді ол.

Сондай-ақ Абай облысы Бородулиха ауданында өткен тазалық жұмыстарына 50-ден астам азамат қатысты. «Достық» демалыс саябағы және жаңадан бой көтеріп жатқан мешіттің аумағы тазаланып, 1 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Ал Шымкент қаласы Қаратау ауданының Тұран шағынауданында өткен тазалық жұмыстарына 100-ден астам азамат атсалысты. Акция шеңберінде елді мекеннің аумағында шашылған қоқыстар жиналып, қураған шөптер мен ағаштардан тазартылды.

«Тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруда іс-шаралардың маңызы зор. Біз осы акция жарияланған күннен бастап әр бейсенбі сайын ауданымызды тұрақты түрде абаттандыру, қоқыстан тазарту жұмыстарын ұйымдастырамыз. Әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға жауапты екенін ұмытпау қажет», – деді қалалық мәслихат депутаты Қайрат Имашев.

Бұдан бөлек, тазалық жұмыстары Түркістан облысы Келес ауданының Абай ауылы аумағында орналасқан «Ауған соғысы

ардагерлері аллеясы» маңында өтті. Акция барысында қатысушылар аумақты тазалап қана қоймай, аудан тұрғындарына экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызын түсіндірді.

«Қаламызда экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында тазалық шаралары күнделікті ұйымдастырылуда. Ауламызды, ауданымызды, өлкемізді таза ұстауымыз қажет. Өзімізбен бірге жастарды да тазалыққа баулудамыз», – деді Келес аудандық мәслихатындағы партиялық фракция жетекшісі Нұрхан Мережепов.

Манаш Қозыбаев атындағы СКУ студенттері де «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында өтіп жатқан «Таза бейсенбі» акциясына үн қосып, аллея және жатақхана маңын күл-қоқыстан тазартты.

Ұйымдастырушылардың сөзіне қарағанда, мұндай іс-шаралар арқылы студенттер арасында достық қарым-қатынас нығайта түседі. Сонымен қатар аталған науқан қоршаған ортаны сақтап, әлеуметтік мәдениетті қалыптастыруға шақырады.

«Біздің міндетіміз – университетімізге қамқорлық жасау. «Таза бейсенбі» акциясына әр азамат қатыса алады. Қаламызды таза ұстап, аялайық. Әр жерге қоқыс лақтырмай, оның таза болуына атсалысайық», – деді «АМАНАТ» партиясының «Болашақ» филиалының Атқарушы хатшысы Александр Зель.

Айта кетейік, партия мүшелері акция аясында еліміз бойынша 10 мың тоннадан астам қоқыс жинады. Игі іс еліміздің барлық өңірінде экологиялық ахуалды жақсарту, тұрғындарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға шақыру мақсатында тұрақты түрде өткізіліп келеді.



«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы ауыл басшыларының басын қосып, форум ұйымдастырды. Айтулы жиында мемлекет пен қоғам алдында тұрған, ауыл халқын толғандырып отырған өзекті де өткір мәселелер ашық талқыланып, оларды шешу жолдары қарастырылды.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ



Іс-шараға «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек пен басқарма басқарма басшылары қатысты.

Форум ауылдық аумақтарды дамытудың, қаржылық дербестіктің және ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын іске асырудың негізгі мәселелерін талқылауға арналған алаңға айналды. Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдық округтер мен аудандар әкімдерін тікелей сайлау жөніндегі бастамасы жергілікті жерлерде демократияны нығайтуға бағытталған.

«Қысқа мерзім ішінде елімізде реформалардың заңнамалық базасы әзірленді. Саяси институттар жаңарып, Мәжіліс пен мәслихаттар көппартиялы бола бастады, бірмандатты депутаттар қайта оралды. Бұл реформалар «АМАНАТ» партиясының ішкі құрылымына да ықпал етіп, партия ішкі өзгерістерге бет бұрды. Сайлаушылардың сұраныстарына басымдық беріліп, қоғамда беделді, лайықты кандидаттар ұсынылуда. Бұл қадамдар Мәжіліс, мәслихат және әкімдер сайлауларында халықтың сеніміне ие болуға мүмкіндік беруде. Сондықтан «АМАНАТ» партиясы аймақтарда ауыл әкімдерінің форумдарын өткізіп, жүйелі жұмыстар атқарып келеді», – деп атап өтті Ержан Жылқыбаев.

Келелі басқосуда сөз тізгіндеген «АМАНАТ» партиясының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов форумның негізгі мақсаты – мемлекет пен қоғамды толғандыратын ауылдық мәселелерді ашық талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыру екенін атап өтті.

«Облыста халық ауыл әкімдерін 2021 жылдан бері тікелей сайлап келеді. Сол уақыттан бері өңірде 165 ауыл әкімі сайланды. Халық таңдаған әкімдердің 154-і «АМАНАТ» пар-

тиясының мүшелері болып табылады. Айта кетерлігі, партия атынан сайланған әкімдердің 13 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Олардың арасында әртүрлі кәсіп иелері де бар. Сондай-ақ алғаш рет әкім болғандардың үлесі 58 пайызды құраса, 41 пайызы қайта сайланып әкім атанғандар. Партия ұсынып, әкім атанғандардың 4,5 пайызы – әйел азаматтары. Бір сөзбен айтсақ, халық өзі таңдаған әкімдердің құрамы едәуір жаңғырды. Бұл бастамада «АМАНАТ» партиясының елеулі еңбегі мен нәтижелі жұмысы жатыр», – деді ол.

Сондай-ақ Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек ауыл әкімдерінің 80%-ы «АМАНАТ» партиясының мүшелері екенін тілге тиек етіп, форумның маңызына тоқталды.

«Бұл – бір мүддеге тоғысқан, бір мақсатқа жұмылған серіктестердің кездесуі. Жүзбежүз жолығып, көзбе-көз сөйлесіп отырмыз. Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Елге еңбегі сінген көрнекті тұлғалардың басым көпшілігі ауылдан шыққан. Алдарыңызда отырған мына біздер де ауылдан түлеп ұштық. Қазақстан – бәрімізге ортақ, оның қандай болатыны тек бізге байланысты. Яғни, біз іші де, сырты да бүтін ел болуымыз керек. Сондықтан әрқайсымыздың, әрбір қала, аудан, ауыл әкімінің барлық жоспарлар мен жобаларды сәтті орындауда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді», – деді ол.

Форум аясындағы панельдік сессияларда «АМАНАТ» партиясының мүшелері, ауыл әкімдері, аймақ басшысының орынбасары, облыс прокуроры және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшылары өңірдегі ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және ауылдық әлеуметтік саланың өзекті мәселелерін талқылап, оларды шешу жолдарын қарастырды.

ӨЗЕКТІ

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

ШЕТИН МӘСЕЛЕ
ШЕШІМІН ТАБУЫ ТИІС

Елордадағы «Астаналық» базары маңындағы Ш.Уәлиханов көшесі, 25, 25/1, 25/2, 23 үйлері тұрғындарының өтініші бойынша «АМАНАТ» партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы Өңірлік даму кеңесі мүшелерінің көшпелі отырысы өтті.

Бұл үйлер 5 жыл бұрын пайдалануға берілген. Пәтерлерді көпбалалы, толық емес отбасы және мемлекеттік қызметшілер санаттары бойынша кезекте тұрғандар алған. Бүгінде 24 қабатты үйдің 1500 пәтерінде 8 мыңнан астам адам тұрады.

Тұрғындарды үйлердің техникалық жағдайы, инженерлік коммуникациялардың жай-күйі. Олардың ішінде жылу тораптарындағы сорғылар, электр қалқан жабдықтары және паркингті электрмен жабдықтау, шатыр, желдету және өртке қарсы дабыл, нөсер кәрізі (паркингті су басу), кіреберістерді жөндеу сияқты бірқатар мәселе алаңдатады. Олардың айтуынша, бұған дейін бірнеше рет мемлекеттік органдарға жүгінген. Тұрғын үйлерде инженерлік коммуникациялық жүйелер болғанымен, жұрт игілігін көре алмай отырғанын жеткізді. Көпбалалы ана Гүлдария Талғатқызы мұндай көшпелі жиынның бұған дейін де біразы болып, айтылған мәселе ескеруісін қалғанына көңілі толмағанын айтты.

— Мен 7 баланың анасымын. Бұл халық көбірек қоныстанған аймақтың бірі болғандықтан, кейде үй-күйсіз жүргендер кіріп кетеді. Яғни, қауіпсіздік шаралары дұрыс реттелмеген. Менен басқа қаншама көпбалалы ана бар. Ойын баласы болса көп. Ал сырттан кіріп келген бейтаныс адамның әр қабатта түнеп шығуы, рұқсатсыз кей пәтерлердің есігін қағуы бәріміз үшін қауіпті деп ойлаймын. Осы үйде тұрып жатқаным 5 жыл болды. Мұнда жиын талай рет болды. Бірақ айтылған мәселе шешілмейді, әр кездесуде қайта-қайта айтамыз. Екіншіден, жас отбасы да көп. Әрі көпбалалы отбасының әлеуметтік жағдайының тым жақсы емесінен коммуналдық төлемдер кешігіп қалатыны бар. Салдарынан, коммуналдық жағдайлар нашарлайды. Одан бөлек, бұл үйде жөндеу жұмыстары болмағаны былай тұрсын, өртке қарсы дабыл жоқ, желдету, нөсер кәрізі сияқты жүйелер істен шыққан. Пәтер беретін кезде кілтті қолымызға ұстатты да

кетті. Жүйелердің сақтандыру құжаты да болмады, — деді тұрғын.

Қалалық мәслихат депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Қанат Естек тұрғындарды алаңдатқан мәселе жақын арада шешімін табатынын түсіндірді.

— Бүгінгі айтылған мәселелерді тұрғындардың жан айналы деуге болады. Үйлердің берілгеніне 5 жылға жуық уақыт болса, содан бері ешқандай толыққанды жөндеу жұмыстары атқарылмаған деп жатыр. Олардың мәселесін шешу үшін әкімшіліктен, құзырлы органдардан жауапты мамандар шақырдык. Бұл жерде тоқтала кететін жайт, аталған үйде 1050 жас отбасы және 200 ден астам көпбалалы ана тұрады. Кезінде оларға пәтер берілген кезде жалға алу уақытының 5 жыл екені жазылған. Бірақ сол құжатта бұл уақыттан тағы созылуға болатын мүмкіндігі де айтылып еді. Бүгінде Сенатта да, Мәжілісте де тұрғын үйді жалға алу туралы заңнама қарастырылған. Яғни, осындай пәтерде тұрғандар оны сатып ала алатыны туралы келісімге қол қойылды. Қазір ол құжат Мемлекет басшысына жіберілді. 10 күн ішінде жауап болуы мүмкін. Егер Мемлекет басшысы қолдаса, көпбалалы отбасы өздері тұрып жатқан осы пәтерлерін сатып ала алады. Ал жас отбасылар туралы ақпарат жоқ. Демек, олар үйді босатуға тиіс. Айналып келгенде, тұрғын үйлердің ішкі және сыртқы жөндеу жұмыстарына көп қаржы бөлінуі керек. Тұрғындардың өзінен жинап, 15 жылға дейін бөліп төлеуге болады десек, олардың 70 пайызы — жас отбасы. Олар бүгін не ертең үйлерін босатады. Сондықтан жас отбасыға артық шығынның кереметі жоқ, — деді Қ.Естек.

Депутаттың айтуынша, отырыста айтылған мәселелер бойынша алдағы уақытта прокуратура, әкімшілік, басқа да құзырлы органдарда кеңесіп жұмыс атқарылады.

С. БЕГІМБАЙ

Қоқыс полигондарын салуға, оны сұрыптап, кәдеге жаратуға қатысты жобалар ойластырылып, оларды жүзеге асыруға жыл сайын миллиондаған қазына қаражаты жұмсалып жатқанымен нақты нәтиже бар деп айту қиын. Кезінде Талдықорған қаласындағы индустриалдық аймақта қалдықтарды отқа жағып, электр қуатын өндіретін жылу-энергетикалық орталық салынады дегенде сүйіншілеп едік, ол да орта жолда қалды. Сол жылдары жыл сайын тек Алматы қаласының өзінен 9 миллион тоннадан астам күл-қоқыс шығарылатындығы, уақыт өте оның көлемі көбейіп, күрделене беретіндігі, қалдықтарды сұрыптау мен өңдеу жұмыстарын жолға қоймай болмайтындығы айтылатын. Одан бергі кезеңде осы бағытта бірқатар амал қарастырылғанымен, мәселе шешілді деп айтуға келмейді.

ҚАЛДЫҚТАР
ҚУАТ КӨЗІНЕ
АЙНАЛАДЫ

А Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Алматы облысы өз алдына жеке отау құрып, облыс орталығы Қонаев қаласына қоныс аударған екі жылдан астам кезеңде бұл проблема мүлде күрделене түскені сөзсіз. Өйткені оңтүстік астана маңындағы аудандарда өндірістер өркен жайып, тірліктің қазаны тіптен қайнай бастады. Халық саны да артып, елді мекендер де көбею үстінде. Соған сай Алматы облысында қалдықтар мәселесі тым күрделене бастағаны да шындық. Осы орайда бүгінгі күні өңірде қалдықтарды

қалдықтарды қосқанда 240 мың тонна қалдыққа есептелген. Бүгінде жоба 60 пайызға дайын. Сұрыптауға қажетті құрал-жабдықтар сатып алынып, инфрақұрылым мәселелері, оның ішінде газ және сумен қамту мәселелері шешіліпті.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев екі компания өкілдерімен кездесу барысында жобаның өңір үшін өмірлік маңызы барына ерекше тоқталды:

— Біз сіздермен өзара ынтымақтастықтың бірнеше аса маңызды артықшылығы бар деп есептейміз. Біріншіден, жоба өңіріміздің экологиялық жағдайын жақсар-

Жобаны жүзеге асыру үшін қаржыландыру екі кезеңге бөлінген. Индустрияны дамыту қоры арқылы қарастырылған қаржыға бірінші кезеңі аяқталыпты. Жоба жылына 120 мың тонна ірі құрылыс қалдықтарын және 80 мың тонна қайталама шикізатты сұрыптауды қамтиды. Сондай-ақ зауыт Іле өңірінде жаңа жұмыс орындарын ашып, экологиялық жағдайды жақсартып, стихиялық полигондар мен топырақтың ластануын азайтады. Қазір электрмен жабдықтаудың техникалық шарттарын алу сатысы жүргізілуде, одан кейін екінші кезеңге өтіп, негізгі нысандардың құрылысы басталады.

Зауыттың өндірістік қуаты 16 МВт құрайды, ал алынған электр энергиясы кәсіпорынның қажеттілігіне жұмсалып, артылғаны облыстық энергетика жүйесіне жеткізіледі.

«Облыста жыл сайын 450 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық жиналады, зауыттың салынуы жасыл экономикаға маңызды қажеттілікке айналып, алдағы он жылда аймақтағы тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешеді», — дейді Алматы облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдын Бегімбеков.

Жиында зауыттың тиімді тұстарының қатарында экологиялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілері де айрықша атап өтілді. Кәсіпорынның құрылысы мен жұмыс істеуі отандық және шетелдік инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Алматы облысы қалдықтар мәселесін мойындап, оны шешу жолдарын белсенді іздестіретін өңір ретінде басқаларға үлгі болады.

Жобаны жүзеге асыруға мүдделілер оның табысты болуы мемлекет пен бизнес өкілдерінің тығыз ынтымақтастығына байланысты екеніне ерекше тоқталды. Алматы облысының әкімі айтқандай, өңір жобаның орындалуы үшін барлық инфрақұрылымдық және логистикалық мәселелерді шешуді, сондай-ақ инвестиция үшін қолайлы жағдай жасауға қажетті қолдауды көрсетуге дайын. Құрылысты аяқтау 2025 жылдың соңына жоспарланған және қазіргі қарқынына қарағанда жоба мерзімінде аяқталады деуге негіз бар.



кәдеге жарату саласында ауқымды өзгерістер дайындалуда. Жақында облыстағы ең өндірісті әрі ірі аймақ Іле ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдейтін заманауи зауыттың құрылысы басталмақ. Инновациялық жоба жүзеге асса, өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға жасалған маңызды қадам болары анық.

Зауыт қоқыс алаңдарының қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін айтарлықтай азайтумен қатар, қазір аса өзекті болып тұрған электр қуатын да өндіретін болады. Жылына 350 мың тоннаға дейін қалдықты өңдеуді және одан 16 мегаватт электр энергиясын өндіруді көздейтін жобаны түріктің «Инева» компаниясы мен ADC Taza Alem ЖШС бірлесіп жүзеге асырмақ. Зауыттың сұрыптау желісі ірі құрылыс және қайта өңдеуге жарамды

туға зор үлес қосады. Екіншіден, ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі аймақтағы жасыл экономиканы дамытуға оң әсер етеді. Сонымен бірге Іле ауданындағы полигонда қазіргі және жинақталған қалдықтарды қайта өңдеуге мүмкіндік береді, — деді ол.

ADC Taza Alem ЖШС бас директоры Ерлан Дүйсебаевтың айтуына қарағанда, құрылыс жұмыстары биылғы жылдың аяғында немесе келесі жылдың басында басталады. Жоба экологиялық жағынан таза және Түркиядан келген инновациялық компанияның қолдауымен жүзеге асырылады. Күн сайын шамамен 700 тонна қалдықты өңдей алатын қуаттылыққа ие болады. Соның арқасында қазір тым өзекті болып тұрған қалдықтар мәселесін реттеуге мүмкіндік береді.

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГІЛІК БАСТАУЫ



Елімізде басым бағыттағы инвестициялық жобалар үшін «жасыл дәліз» құрылмақ. Бұл туралы Президенттің қатысуымен өткен Шетелдік инвесторлар кеңесінің жалпы отырысында белгілі болды. Әлемдегі ірі бизнес-қауымдастық өкілдерінің басын қосқан айтулы шарада Қазақстанның жаңа инвестициялық циклі айқындалды. Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі 26 жыл бұрын саладағы жүйелі мәселелерді шешу мақсатында ел басшылығы мен шетелдік инвесторлар арасындағы тікелей диалог алаңы ретінде құрылған. Осы уақыт ішінде кеңес өзін елдегі инвестициялық ахуалды жақсартудың маңызды құралы ретінде көрсетті. Бүгінде консультативтік-кеңес отырысы Мемлекет басшысының төрағалығымен жүйелі түрде өткізіліп келеді.

А Кәмила ЕРКІН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға ілтипат білдіріп, кеңестің инвестициялық климатты жақсартуға қатысты мәселелерді талқылайтын маңызды диалог алаңына айналғанын атап өтті. Жиында Мемлекет басшысы Халықаралық менеджментті дамыту институтының (IMD) мәліметіне сүйене отырып, еліміз әлемдегі бәсекеге қабілетті 35 мемлекеттің қатарына қосылғанын айтты.

– Біз 2029 жылға қарай шетелден қосымша 150 миллиард доллар тікелей инвестиция тартамыз деген өршіл мақсат қойдық. Бұл міндетті іске асыру үшін Үкімет жанындағы Инвестициялық штабқа туындаған проблемаларды жедел шеше алатын құзырет берілді. Биыл мамыр айында ұлттық экономиканы ырықтандыруға негіз қалаған Жарлыққа қол қойдым. Біз елімізде инвесторлардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі шаралар қабылдауды жалғастыра береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БАСЫМ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

Президент инвесторлардың назарына лайық бірқатар бағыт пен қызмет салаларын атап өтті. Оның ішінде өнеркәсіптік сектор, энергетика, агроөнеркәсіптік кешен, көлік және логистика бар.

Сондай-ақ жиында Мемлекет басшысы еліміздің минералды-шикізат қоры мол екенін жеткізді. Әсіресе, геологиялық барлау және пайдалы қазбаларды игеру саласындағы үдерістердің тиімділігі мен ашықтығын арттыру шаралары жөнінде мәлімет берді. Оның айтуынша, Қазақстан соңғы алты жылда геологиялық барлауға 1 миллиард доллардан астам жеке инвестиция тартқан.

Қазір еліміздегі 1,6 миллион шаршы шақырымға жуық аумаққа геологиялық зерттеу жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алуға болады. Президент

айтқандай, бүгінде елімізде бірқатар жаңандық ойыншы осы бағытта қарқынды жұмыс істеуде. Сонымен қатар еліміз осы секторға инвестиция салуға дайын компаниялар үшін оңтайлы жағдай жасауды жалғастыра бермек.

– Жақында қабылданған 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары жергілікті өндірушілерге тың мүмкіндік ұсынады. Жалпы сомасы 86 миллиард доллардан асатын 200-ге жуық ірі инфрақұрылымдық жоба іске асырылмақ. Үкімет жергілікті өндірушілерден офтейк-келісім-шарттар арқылы сатып алуға арналған тауарлар тізімін жасақтап жатыр. Өнеркәсіп өркендеуі үшін жоғары білікті жұмысшылар қажет. Сондықтан мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Біз Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды дамытуға ниетті инвесторларды іздейміз, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «таза энергетика» секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселесіне айрықша тоқталды. Атап айтқанда, Қазақстанда жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру үшін Total, Svevind, ACWA Power және Masdar сияқты әлемдік компаниялармен нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұдан бөлек, Қазақстан атом энергетикасын дамыту ісінде мол әлеуетке ие. Сондай-ақ жиында агроөнеркәсіп секторы инвесторлардың назар аударуға лайық саланың бірі екені айтылды.

ИНВЕТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ КҮШЕЙМЕК

Президент инвесторлар құқығын қорғау және реттеушілік саясатты дамыту мәселелеріне ерекше мән берді. Мемлекет басшысы сот және құқық жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңғыртулар қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға бағытталғанын айтты. Бүгінде Үкімет пен инвесторлардың өзара қарым-қатынасын цифрландыру аясы кеңейіп келеді. Жыл

соңына дейін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа толық іске қосылса, жобалардың жүзеге асырылу барысын нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік туады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға, жаңа бастамалар мен нақты жобаларды жүзеге асыруға бағытталған Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшелері мен мемлекеттік органдар арасындағы диалогті жалғастырудың маңызына назар аударды.

Жиында сөз алған Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо Қазақстанның инвестициялық саясатты жетілдіру саласында ауқымды жұмыс атқарғанын атап өтті.

Ол Қазақстанның 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарының қабылданғанына ерекше назар аударып және осы салада 200-ге жуық жобаны іске асыру бойынша Үкіметтің алға қойған мақсатына байыпты баға берді. Одиль Рено-Бассо мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы экономикадағы жеке сектордың рөлін арттыруды, жекешелендіруді және реттеуші орта құруды көздейтін шаралар кешенін іске асыруға назар аударды. Сол арқылы Қазақстан жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларда өзінің экономикалық пайдасын барынша арттыра алатынына сенім білдірді.

ЕҚДБ президенті жаңартылатын қуат көздеріне тартылған инвестиция көлемін арттырып, тиісті инфрақұрылымды құрудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ электр беру және тарату желілерін жаңғырту және цифрландыру қажеттігіне тоқталды.

«Біз Үкіметтің субсидиялардан бас тартып, инновациялар мен экспорттық әлеуетті ынталандыруға негізделген ШОБ-ты қолдаудың жаңа тәсілі шеңберіндегі бастамалардың құптаймыз», – деді Одиль Рено-Бассо.

Мемлекет басшысы спикерге ұсыныстары үшін алғыс білдіріп, ЕҚДБ Қазақстанда жұмыс істейтін ірі халықаралық қаржы институттарының бірі екенін атап өтті – оның инвестициялық портфелі 11 млрд доллардан асады.

Премьер-Министрдің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров шетелдік инвесторлар кеңесі отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстанның биылғы экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері мен жаңа инвестициялық цикл шеңберіндегі жоспарын таныстырды. Оның айтуынша, елімізде қабылданып жатқан шаралар жаңа инвестициялық циклді бастауға бағытталған.

«ҚР Шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығының басқарма төрағасы Ерлан Досымбеков отырыста шетелдік инвесторлардың бірқатар ұсынысын ортаға салды.

ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Ал жиында сөз алған CNPC вице-президенті Чжан Даовэй жаңа инвестициялық цикл өнеркәсіптік құрылымды қайта құруға және жаңғыртуға бағытталуы тиіс деген пікірін білдірді.

– Бұл әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына, ұлттық экономиканың неғұрлым сапалы тұрақты өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Халықаралық инвестициялық ынтымақтастық және инновациялық технологияларды тарту – мақсатқа жетудің тиімді құралы, – деді Чжан Даовэй.

Оның айтуынша, ресурстарды дамыту мен терең өндеуді ілгерілету, жергілікті өнеркәсіпті өркендету, импортты алмастыруға жәрдемдесу, базалық инфрақұрылымды жаңғырту аса маңызды.

Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузов халықаралық даму банкінің инфрақұрылымға инвестициялар тартуда ерекше рөл атқаратынына назар аударды. ЕАДБ басшысы өз секторына қатысты мәселелерге тоқталды.

Жиын соңында БАҚ өкілдеріне пікір білдірген ол су ресурстары саласында да аймақ үшін маңызы жоғары жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол екенін жеткізді.

– Біріншіден, Қазақстанның солтүстік аудандарына су әкеліп, оны кеңейтетін Астрахань, Маңғышлақ жобасы іске асырылмақ. Бүгін шетелдік инвесторлар кеңесінде Орталық Азияға қажетті ирригациялық жабдықтар өндірісі бойынша өнеркәсіптік кластерді құрудың өзектілігін айттым. Бұл ауыл шаруашылығы өнеркәсібін сапалы ирригациялық жабдықтармен қамтамасыз етеді. Тиімді суару жабдықтары ауыл шаруашылығының өркендеуі үшін аса қажет. Сондықтан жиында инвесторларды тарту арқылы осындай зауыттың дамуын қаржыландыру туралы ұсыныс жасалды. Қазір бізде Таяу Шығыстан және Қытайдан келген компаниялар бұл идеяға қызығушылық танытып отыр. Сол себепті міндетті түрде бұл зауыттың құрылысын бастаймыз деген сенім бар, – деді ол.

Николай Подгузов Орталық Азияға арналған ирригациялық жабдықтар нарығы жылына шамамен 300 млн АҚШ долларын құрайтынын жеткізді. Қазір бұл әлемдік ТОП-5 нарықтың құрамына кіреді. Тиісінше, осы салаға қажетті барлық жабдық қазір тек импортталып келеді. ЕАДБ басқарма төрағасы осындай өнеркәсіптік өндірісті қуаттарды құру мүмкіндігі Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуына және үкілі өндірісі осы жабдықпен қамтамасыз етуіне жол ашатынын алға тартты.

Сонымен қатар Азия даму банкінің вице-президенті Бхаргав Дасгупта жиында Президенттің «жасыл жобаларға» ерекше назар аударғанын атап өтті. Оның айтуынша, Азия даму банкі ары қарай да энергетика секторы, жаңартылатын қуат көздеріне қатысты жобалар, оның ішінде гидроэлектр және күн энергетикасына қатысты жобаларға инвестиция құяды. Өйткені бұл сала Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды рөлге ие.

«Азия даму банкі – Қазақстанның ұзақмерзімді серіктесі. Біз Қазақстанда 30 жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келеміз. Осы уақыт аралығында Қазақстанға 7 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция жасадық. Одан бөлек, жол құрылысы секторына да қатысты ауқымды жобаларға қаржы тартуды көздеп отырмыз. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекеменшік жобаларды қолдау жоспарда бар. Сондай-ақ айталық, тарифтік саясат пен салық салуды жақсарту және Қазақстанға көбірек инвестиция тарту мақсатында ел Үкіметімен тығыз жұмыс істейміз, – деді ол.

Бхаргав Дасгупта қазір ел Үкіметімен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын көбірек тарту және оларды іске асыру мәселелері талқыланып жатқанын атап өтті. Бүгінде Қазақстан мен Азия даму банкі алағы 4 жылға бекітілген өзара іс-қимыл стратегиялық бағдарламасы шеңберінде жұмыс істейтінін жеткізді.

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

Ресми мәлімет бойынша 2021 жылы мемлекеттен әлеуметтік баспана алу кезегінде 300 мыңнан аз (286 мыңнан астам) адам тұрды. Ал 2024 жылдың бірінші жартысының қорытындысында тұрғын үй кезегінде тұрғандардың саны 650 мыңнан асып жығылған. Яғни, бірер жылда бірден екі еседен аса өсіп шыға келді. Соның ішінде 255 140-қа жуығы — халықтың әлеуметтік осал топтары. Қалғаны — құқық қорғау органдарының, бюджеттік сала-



ҮЛЕСКЕР ТАУҚЫМЕТІ ТЫЙЫММЕН ШЕШІЛЕ МЕ?

лардың қызметкерлері, шенеуніктер және мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алуға заң жүзінде рұқсаты бар баспанасыз қазақстандықтар.

Осынша адамның бәрін тұрғын үймен қамту мүмкін болмағандықтан, Үкімет бұл тізімге жыл сайын түгендеу жүргізіп, мыңдаған адамды кезектен шығарып тастайды. Мұның себебі әртүрлі: үміткер кезегі жетпей, дүние салады, шетелге көшіп кетіп, азаматтығын ауыстырады. Кейбірі жинақ жинап, өз бетінше пәтер сатып ала алады. Нәтижесінде, 2024 жылдың сегіз айында әкімдіктер жалпы саны 34 мың азаматты кезектен шығару туралы қаулы қабылдаған.

Бұған біріншіден, кезекте тұрған адамның немесе оның отбасы мүшелерінің жылжымайтын мүлкінің анықталуы, екіншіден, кезекте тұрған адамның отбасы мүшелері туралы деректердің сәйкес келмеуі, үшіншіден, әлеуметтік жағдайының сәйкес келмеуі (толық емес отбасы ретінде тіркелген жалғызбасты ана тұрмыс құрған, дәрігерлік комиссия кемтар жанның мүгедектігін алып тастаған және басқасы), төртіншіден, мемлекеттік қызметші мәртебесінің сәйкес келмеуі түрткі болыпты.

Бұл басы ғана: Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі келесі жылға дейін Қазақстан бойынша тағы 300 мыңға жуық адам тізімнен шығарылуы мүмкін екенін жариялады. Оның ішінде қатайтылған талапқа сай келмегендері, баспана сатып алғаны, заң бойынша енді тұрғын үй алуға өтініш беруге құқығы жоқ тұлғалар және басқасы бар.

ЭСКРОУ-ШОТ ҰСЫНЫСЫ ЕСКЕРІЛСЕ ЖӨН

300 мыңды үй кезегінен аластағанның өзінде елде баспанасыздық мәселесі шешілмейді. Жаңа талаптарға сәйкес келмегенімен, ол жандар бәрібір жетімбұрыш жағалап қала берері даусыз. Мәжіліс депутаты Нұрғұл Таудын айтуынша, бүгінде елімізде 4,5 миллион адам үйге мұқтаж және оның 1,3 миллионы — жастар.

Тығырықтан шығар жол табу үшін парламентшілер Үкіметке бірнеше ұсыныспен шықты. Мысалы, Мәжілістің бір топ депутаты үй толық қолданысқа берілгенше, құрылыс компаниялары

тартқан үлескерлердің қаражатын арнайы шоттарда «қатырып» қоюды ұсынды. Олардың пайымдауынша, сонда мыңдаған салымшы бітпейтін-қоймайтын құрылыстан азап шекпейді, баспанасыз қаңғымайды, қалаған кезінде сол шоттан салымын алып кете алады.

Жалпы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы заңға сәйкес, эскроу-шот — клиент айқындаған шарттардың басталуына немесе орындалуына дейін банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға үшінші тұлғаның құқығын шектей отырып, клиент осы тұлғаның атына ашатын ағымдағы шот немесе жинақ шоты. Сондықтан бұл тетік құрылыс саласына да қолдануға келер еді.

Алайда құрылыс министрлігі бұл бастаманы қолдаудан бас тартқаны белгілі болды. Ведомство депутаттық топтың тұрғын үй құрылысына «эскроу-шоттар» ұғымын енгізуге қатысты ұсынысын талқылағанын жеткізді. Сонымен қатар «эскроу-шоттар» тетігін енгізу мүдделі мемлекеттік органдармен егжей-тегжейлі пысықтауды талап ететіндіктен, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қаржы министрлігіне өз ұстанымдарын беру туралы жуырда сұрау хат жолдапты.

Депутаттық бастамаға ірі құрылыс алпауыттары қарсы болып отыр. Министрліктің ол қарсылықты еңсере алмағаны аңғарылады. Сондай-ақ министр Қанат Шарлапаевтың командасы жаңа заң жобасын жазып, оған мүдделі министрліктердің, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, бизнес қауымдастықтардың келісімін алуға міндетті. Олар мұның бәрін қиынсына-тына ұқсайды.

— Негізі, осы тетікті енгізу үшін бірқатар заңға, соның ішінде Азаматтық кодекске өзгерістер енгізу қажет болатынын ескерген жөн. Бұл ретте «эскроу-шоттар-

ды» пайдалану тұрғын үй құрылысы нарығына тікелей ықпал етеді және бастапқы нарықта жылжымайтын мүлктің қымбаттауына соқтыруы мүмкін. Бұл бизнес үшін үлестік құрылыстың инвестициялық тартымдылығын айтарлықтай төмендетеді. Халықтың сатып алу қабілетіне теріс әсер етеді. Министрлік «эскроу-шоттарды» енгізу мәселесі егжей-тегжейлі пысықтауды және мүдделі мемлекеттік органдар тарапынан жан-жақты қарауды талап етеді деп санайды, — деді Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан.

Ол баспана кезегінде тұрғандардың санын азайтуға септесетін жаңа бір тетіктің іске қосылғанын айтып берді: «Бүгінде министрлік тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың осал топтары үшін «Жалға берілетін тұрғын үйді субсидиялау» бағдарламасын қолға алды. Бұл бағдарлама аясында әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар нарықтан баспананы жалға алса, онда жалдау ақысының 50%-ын ғана өзі төлейді. Қалған жартысы субсидияланып, бюджеттен өтеледі», — деді Иран Шарханұлы.

«ШАҒЫН ҚАБАТТЫ ҚҰРЫЛЫС» ҰҒЫМЫ ЕНГІЗІЛМЕК

Депутаттардың айтуынша, құрылыс компаниялары «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңның талаптарын айналып өту үшін тұрғын үй сатып алудың алдын ала шарттарын жасасады. Салдарынан заңға қайшы ондай шарттарды бекіткен сатып алушылар «үлескер» мәртебесіне ілікпейді. Сөйтіп, Қазақстанда алдын ала шарт жасасқан 6 800-ге жуық үлескер зардап шегіп отыр. Осыған орай Үкімет пен Парламент пәтерді сатып алудың алдын ала шарттарын жасауға тыйым салу мәселесін пысықтап жатыр.

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі И. Шарханның мәліметінше, қазір Парламентте

«Кейбір заңнамалық актілерге құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралу үстінде. Онда құрылыс компанияларының заңнаманы белден басып, үлескерлердің қаражатын тартуына жол бермеу, мемлекеттік реттеуді күшейту бойынша қосымша шаралар көзделген.

Тарата айтқанда, оған сәйкес, біріншіден, алдын ала брондау, резервтеу шарттарын жасасуға тыйым салынбақ. Екіншіден, құрылыс компанияларына үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат алмай жатып, тұрғын үй кешенін жарнамалай бастауға тыйым салу ұсынылған. Үшіншіден, «тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңның реттеу саласына «шағын қабатты құрылыс» ұғымы енгізілмек.

Төртіншіден, салушылар құрылыс мерзімдерін ұзарта беру мүмкіндігінен айырылуы ықтимал. Жобада құрылыс объектісін аяқтауды жұмыс-сметалық құжаттамасында көрсетілген мерзімнен ары кеткенде 5 айға дейін ғана ұзартуға рұқсат ету ұсынылды. Бесіншіден, кенес-консультация беру мәселелері бойынша Үлескерлерді қолдау орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету талабы енгізіледі. Алтыншыдан, банктерге үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсаты жоқ, бірыңғай оператордың кепілдігін алмаған тұрғын үй кешендеріндегі баспанаға ипотека беруіне тыйым салу қарастырылған.

Вице-министрдің айтуынша, ұсыныстар бойынша Үкімет қорытындысының жобасы Президент Әкімшілігімен келісілді. «Тұтастай алғанда, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында әзірленген тәсілдер мен қабылданатын шаралар үлестік құрылыс процестерінің заңдылығы мен ашықтығын, құрылыс нарығына барлық қатысушысының теңдігін қамтамасыз етуге,

мемлекет тарапынан бақылауды күшейтуге, үлескерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған», — деді Иран Шархан.

РЕФОРМА НЕ ӘКЕЛЕДІ?

Тұрғын үй құрылысы реформасы аясында «Кейбір заңнамалық актілерге тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» басқа бір заң жобасы да әзірленді. Тауда оны Сенат бірінші оқылымда қабылдады. Заң келесі жылдың басында күшіне енеді деп күтіледі. Құжат қолданыстағы 5 кодекспен 16 заңды өзгертеді. Бұл заңнамалық түзетулер үй кезегінде тұрғандардың қатарын азайтуға бағытталған.

Мысалы, бұған дейін шетелден Атажұртқа оралған қандастарға бірден үй кезегіне тұруға мүмкіндік берілетін. Мұның қисыны бар: оралман жатжұрттан тарихи Отанына жаңа ғана келді, олай болса, оның Қазақстанда үйі болуы неғайбыл. Енді көзқарас басқаша.

Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ләззат Рысбекованың түсіндіруінше, аталған заңмен Қазақстан азаматтарын және қандастарды мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алуға мұқтаж деп тану шарттары өзгертіледі. Нақтылағанда, санитарлық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға жауап бермейтін баспанада тұратындар, жапсарлас бір үйде бірнеше отбасы болып тұрып жатқандар, сондай-ақ отбасында ауру адамы, бірқатар созылмалы аурудың ауыр түрлерінен зардап шеккен адамы бар отбасылар баспанаға мұқтаж деп танылмайды.

Сонымен қатар қолданыстағы заңнама бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспананы бірінші кезекте алуға құқығы барлар ол құқығын сақтап қалады. Олардың санаты артады. Жаңа заң жобасына сәйкес, бірінші кезекте үй алу құқығына ие санаттардың тізбесіне: қазіргі Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жетім балалар, көпбалалы аналар мен отбасылар сыртында, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар, мүгедек баланы тәрбиелеуші отбасылар, ҰОС ардагерлеріне жеңілдіктері бойынша теңестірілген ардагерлер, басқа мемлекеттердің аумағында әскери іс-қимылдарға қатысқан ардагерлер және олардың жесірлері қосылмақ.

Қалай болғанда, мемлекеттің жетімбұрыш жағалағандардың санын азайтуға күш салып жатқаны аңғарылады. Президент тапсырмасымен «7-20-25», «Бақытты отбасы», «Наурыз», «Шанырақ», «Отан» сияқты онға жуық бағдарлама аясында арзан ипотека ұсынылады. Көбінің мерзімі 2029 жылға дейін ұзартылыпты. Ол арқылы барынша көп отбасы қоныстойын тойлауы үшін көп баспана керек. Тек 2024 жылы тұрғын үй құрылысына 1,1 триллион тенге инвестиция құйылады деп жоспарланған. Соның арқасында құрылыс саласы қазірден экономиканы өрге сүйреген драйверге айналды.

ТҮЙТКІЛ

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



Еліміздегі негізгі астықты аймақ саналатын теріскей облыстарда шаруашылықтың басы-қасында жүрген шаруалардың шақшадай басы шарадай болып, алған өнімін қалай сақтарын білмей мазасыз күйге түскен. Өйткені бәрінің де айтар уәжі бір – алынған өнім сапасыз. Бітік шыққан «сары алтынның» басым бөлігі ылғалды әрі класы өте төмен. Мұнымен қоса, астық қабылдау пунктері мен элеваторлары аузы-мұрнынан шыға толып тұр. Кезек күткен шаруалар элеваторлардың алдын торуылдап бірнеше тәулік бойы кезек күтуге мәжбүр болатынын айтады. Қыруар қаржысы мен алған қомақты несиесін де қайтара алмайтынын айтып шырылдаған шаруалар үшін өнімді сақтап қалудың өзі мұңға айналған...

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Ауыл шаруашылығы министрі таратқан ресми мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан биыл гектарына орташа есеппен 16 центнерден жалпы көлемі 26,5 миллион тоннадан астам астық жинаған. Бұл еліміздегі бұрынсоңды болмаған толайым көрсеткіш. Бірақ оны сақтап, өңдеп және іске жарату әрі сату жайы қазақ шаруаларын аса қатты алаңдатып тұр. Өйткені Ресей Қазақстанның барлық астығына, онымен қоса қызанақ, бұрыш және басқа да тұқымына түгелдей шектеу енгізіп тастаған.

Үкімет отырысында елдің Премьер-Министрі Олжас Бектенов бұл жағдайда бірінші мәселе жиналған биылғы астықты сақтау және сатудың жолын табу қажеттігін мәлімдеді. Ауыл шаруашылығы министрі мен жергілікті облыстық әкімдіктерге егістік алқаптардан орылған астықты уақытында жинау, элеваторларда кептіру, астық қабылдау пунктерінде үздіксіз жұмыс режиміне көшу қатаң тапсырылған.

Қазақстан астық одағының өкілі Евгений Карabanовтың айтуынша, Ресей ауыл шаруашылығын қадағалау басқармасының енгізген шектеуі қазақстандық өнімде үлкен көлемде карантиндік нысандар анықталуымен, яғни былтырғы деңгейден үш есе асып кетуімен байланысты.

«Мұндай факторлар, әдетте белгілі бір өңірге ғана қатысты болатын. Атап айтқанда, бір өңірден өнім жөнелту уақытша жабылатын. Бірақ тұтас елге шектеу енгізу қандай да бір саяси жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Бәлкім бұл Қазақстан 16 тамызда енгізген астық импор-

тына тыйым салумен байланысты болуы да әбден ықтимал. Бірақ Қазақстан тек Ресейге емес тұтас-тай астық импортына тыйым салған еді. Сондықтан Қазақстанды бұл мәселеде әдейі осылай жасады деу дұрыс болмас еді», – дейді Евгений Карabanов.

Сарапшының мәліметінше, Ресей ауыл шаруашылығын қадағалау ұйымы еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігіне бидай, тұқым, қызанақ пен бұрыш, кейінірек қауынға да фитосанитариялық сертификаттарды беруді тоқтату туралы өтініш хат жолдаған. Артынша тыйым жасымдық тұқымына да жетті.

– Біз Ресейге жаппай бидай мен жасымды экспорттап жатпағанымызды түсіну керек. Біздің өнім Ресей Федерациясы арқылы транзит түрінде көп жағдайда Қара теңіз және Балтық теңізі бекеттері арқылы Еуропаға өтеді. Ресей ауыл шаруашылығын қадағалау мекемесінің соңғы шешімінде бекеттерде жүктерді тікелей ауыстыру түрінде шектеулермен ғана жүзеге асыруға болатыны айтылған, – дейді сарапшы.

Евгений Карabanов бұл жағдайда тек Ресеймен шектеулерді алып тастау жөнінде келіссөз жүргізу немесе жанама бағыттар іздеу қажет деп санайтынын жеткізді. Сарапшының айтуынша, бидай сияқты мол өнім әдетте сыйымдылығы 20 мыңнан 50 мың тоннаға дейінгі үлкен

АСТЫҚТЫ АЙМАҚТЫҢ АЙТАРЫ БАР

көлемде тасымалданады. Салыстыру үшін айтсақ, 20 мың тонна шамамен 300 теміржол вагонын құрайды. Көптеген бекеттің мұндай ірі көлемде өнімді қабылдауға қауқары жок. Ресей бір мезетте теңіздегі және вагон бекеттеріне тікелей ауыстыруды қамтамасыз етуді ұсынады. Олай болмаған жағдайда кеме астықтың вагондарға тиелуін күтіп қалып немесе вагондар уақытында тиелмей қаржылық ірі шығындарға әкеліп соғады.

– Осылайша, еліміз астық өнімінің экспортында елеулі қиындықтарға тап болды. Астық экспорты қазір сыйымдылығы 3-5 мың тоннаға дейінгі шағын көлемде ғана шығарылуда. Бірақ бұлай шығару аса тиімсіз. Өйткені жүкті тасымалдау құны үлкен кемелерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Бұл экспорттаушыларды тым үлкен қосымша шығынға батырады, – дейді сарапшы.

Саланың бүге-шігесін зерттеген мамандар жанама бағыттар бойынша бидайды экспорттау елімізге қымбатқа түсетінін айтады. Алғашқы бағыт Балтық теңізі арқылы Еуропаға шығу болғанымен, бұл жерде Ресей порттары бағытымен салыстырғанда өнімнің әр тоннасы 30 долларға дейін қымбатқа түседі.

Екінші Каспий теңізі арқылы ортақ дәлізбен шығу жолы Балтық теңізі елдерінен гөрі тағы 15 долларға артық болып шықты. Бұл бағытта қосымша Әзербайжан порттық бекеті арқылы болғандықтан тағы қосымша шығын келтірмек. Тағы бір бағыт – Иран арқылы экспортқа шығару. Бірақ сарапшылар қазіргі сәтте бұл бағытты тек теориялық тұрғыда айтып жүргенімен тасымалдау құнының қаншаға түсетінін ешкім білмейді. Иранда теміржол инфрақұрылымы аса дамымаған. Мұнымен қоса, контейнерлер арқылы құрлықпен жөнелту су және теміржол арқылы астық тасу вагондарымен жөнелтуге қарағанда әлдеқайда қымбатырақ болады.

Үкіметтегілер астықты негізінен Орталық Азия, Ауғанстан және басқа да елдерге экспорттауды жоспарлап отырғанын жеткізді. Үкіметтің соңғы отырысында Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев Қазақстанның астық бойынша экспорттық әлеуеті 12 миллион тоннаға бағаланатынын жеткізді.

Үкіметтегілер, министрліктегілер «бидайды экспортқа шығарамыз, астықтың шығымы мол» деп езеурегенімен, шаруалардың уәжіне сенсек экспорт

кеттеріндегі кезек үзілер емес. Бидайдың сапасы төмендігінен, элеваторларда астықтың молдығынан баға төмендеп кеткен. Алған өнімді элеваторларға жеткізіп кептіру және өткізу шаруалар үшін үлкен уайымға айналған. Мұны Парламент Мәжілісінің депутаттары да мойындап отыр.

– Бүгінде астық нарығында ауыр жағдай қалыптасып отыр. Элеваторларда сыйымдылық жетіспейді, бидайды өткізу нарығы жок. Бидайдың бағасы күн санап түсіп жатыр. Диірмендер тоқтап жатыр. Жүк тиеудің нақты перспективасы жок. Элеваторлардың техникалық мүмкіндіктері астықты жедел түрде қабылдап, кептіріп және тиеуге мүмкіндік берер емес. Өнім іс жүзінде сапасы төмендетіліп қабылданып жатыр, – дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Еркебұлан Мәмбетов.

Вице-премьер Серік Жұманғариннің атына сауал жолдаған депутаттың пікірінше, элеваторлардың басым бөлігі «Азық-түлік келісімшарт корпорациясының» астығымен толып тұр. Сондықтан астықты елдің ішінде орын ауыстыру мәселесін жылдам шешу қажет. Теріскей облыстардың элеваторларынан неғұрлым бос оңтүстік элеваторына астық жеткізу қажет. Мұнымен қоса, астықты өткізудің жаңа нарығы да ауадай қажет. Депутат сонымен бірге астықтың белгілі бір бөлігін астық мол шыққан 2011 жыл сияқты сатып алу мәселесін қарастыруды да ұсынды.

– Астық нарығында қазір тұрған мәселені дереу шешу үшін астықты жылдам экспорттауға ынталандыратын жүк тиеу және жөнелту кезеңінде көлік шығындарын субсидиялауды, ҚҚС және басқа да шығындарды жылдам қайтару сияқты жеңілдіктер беруді ұсынамыз, – дейді Еркебұлан Мәмбетов.

Азық-түлік келісімшарт корпорациясы биыл «Экспорттық партиялар консолидациясы» бағдарламасын іске қосқан. Оған сәйкес корпорация ұсақ және орта шаруашылықтарға өнімдерін экспортқа өткізуге көмектеспек. Корпорация қазір астықты сатып алуға төрт елден ұсыныс түскен.

– Бүгінде «Азық-түлік келісімшарт корпорациясымен Қазақ фермерлерінен жалпы сомасы 14,5 миллион долларға ауылшаруашылық өнімдерін жеткізуге импорттаушылармен төрт экспорт келісімшарттары жасалды. Пилотты контракттарды жасудың оң тәжірибесін одан әрі көбейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді корпорацияның баспасөз қызметінен. Корпорация аталған бағдарлама шеңберінде толып қалған элеваторлар да босатылатынын да атап өтті.

P.S.

Қалай дегенмен де, астық нарығындағы ахуал қазір аса күрделі. Түйткіл бірінші кезекте қарапайым шаруалар мен халықтың шымбайына батқалы тұр. Мол астық жинадық деп даурыққанымызбен, іріп-шіріп кетпесе екен деген қауіп басым...

ОЙТОҒЫС

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

– Сәт Бесімбайұлы, «Халық қаһарманы» атағыңыз құтты болсын! Ел Тәуелсіздік алған елең-алаң шақта жауапты міндеттерді атқарғаныңызды жақсы білеміз. Сол бір күндерге қайта шегініс жасап көрейікші: не еске түседі?

– Рақмет! Бұл марапат маған ғана емес, менімен бірге Отанының Тәуелсіздігіне қызмет жасаған қауіпсіздік саласы мен қорғаныс саласындағы әріптестерімнің еңбегіне берілген жоғары баға деп қабылдадым. Өмірімнің ең күш-қайратқа толы, жылдар бойы жинаған білімнің отаныма қажет кезі – Қазақстанның Тәуелсіздік алған тұсына келді. Ұлттық қауіпсіздік саласы мен қорғаныс саласына мамандар қажет кезде білекті сыбанып кірісіп кеттім. Сол кезеңде маған үміт артқан халқыма, үлкен сеніммен жауапты міндеттерді сеніп тапсырған сол кездегі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа, үзегілес болған әріптестерім мен шәкірттеріме алғысым шексіз.

Ал еске алу мәселесіне келсек, қызмет етіп жүрген кездердің әр күні тарих болды десем, артық айтқандық болмас. Өйткені ол жас мемлекетіміздің енді ғана аяққа тұрып, Тәуелсіз, Азат, Бостан мемлекет ретінде әлем картасына еніп, дүниежүзінің назарына іліне бастаған кезі еді. Менің замандастарымның әрқайсысы қайтсек Тәуелсіздікті тұғырлы етеміз, еңсемізді көтереміз, іргелі елге айналамыз деп өз міндеттерін атқарып жүрген кезең еді.

– 1993-1995-жылдары ҰҚК қызмет еткен тұсыңызда Сталиндік репрессия құрбандарын ақтауға еңбек еттіңіз. Манаш Қозыбаевты қауіпсіздік қызметінің архивінде жұмыс істеуге де мүмкіндік жасалды. Құғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмысы қалай басталды? Ресей архивіне (КГБ) кіруге мүмкіндік болды ма?

– Республика Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып отырған кезімде біршама ғалымдармен бірге тарихтағы ақтандақтар (репрессия) ақиқатының астарын ашу үшін біршама еңбектендік. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алдымыздағы мақсат – КСРО кезіндегі 1929-1930, 1935-1936, 1937-1938 одан кейінгі жылдарға ұласқан сталиндік зұлматтың қанды қылышына ұшырап, оққа байланып опат болып кеткен аяулы азаматтарымызды архив деректерінен іздеп табу болды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан олардың іс-қағаздарын көтеру, жазықсыз жапа шеккен, сотталған, атылған кісілердің атын қайтадан жарыққа шығарып ақтап алу науқаны басталды. Бұл науқанға өз басым белсене араластым. Сол кезде елімізде жалаға ұшыраған азаматтарды ақтап алатын «Әділет» қоғамы құрылды. «Әділет» қоғамының жетекшісі Тарих және этнология институтының директоры, академик Манаш Қозыбаев болды.

Облыстық Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басқармасында қызметте жүрген уақытта 1980-жылдардың аяғында «По реабилитации жертв сталинской

Сәт Тоқпақбаев – ел егемендігін алған алғашқы жылдары Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Президент Күзет қызметінің бастығы, Республикалық ұлан қолбасшысы, Қорғаныс министрі, Парламент депутаты қызметтерін абыройлы атқарған азамат. Биыл генерал-полковник 85 жасқа толды. Жуырда Сәт Тоқпақбаевқа Мемлекет басшысының Жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Сәт ТОҚПАҚБАЕВ,
Халық қаһарманы:

репрессии» деген комиссия құрылған болатын, соның төрағасы болдым. Ондағы мақсат – жоғарыда айтып өткендей, 1937, 1950-жылдары жазаланған азаматтардың құжаттарын зерттеп, басаяғын жинақтап, ақтап шығу еді. Сол іске тездетіп кірісуді көздедік.

Екінші жағынан: олар қай жерде атылды соны білу керек болды. Халқымыздың бұрынғы ел басқарған, бетке ұстар азаматтары жазықсыз мың-мыңдап атылып кеткен. Міне, солар қай жерге жерленді, қандай себеппен ауыр жазаға кесілді, яғни не үшін жапа шекті. Осындай толып жатқан түрлі сұраққа жауап іздей бастадық. Архивте бұл сұрақтарға толық жауап беретін құжаттар табылған жоқ. Жойып жіберген сынайлы. Кім атты, қай жерде атылды, қай жерге жерленді деген сұрақтар жауапсыз қалатын түрі бар. Мұндай құжаттар болмағандан кейін мен бірнеше топ құрдым.

Бір топ 1936, 1937, 1938-жылдары кадрларда, басқа да маңызды орындарда жұмыс істеген адамды іздеуі керек. Қызмет орны арқылы анықтау тапсырмасы берілді ол топқа. Содан кейін «мынаны естідім... солай екен... болған екен...» деген қауесеттен тұратын мағұлматты тексеретін тағы бір топ құрдым. Газет-журнал бетіне шыққан ақпаратты егжей-тегжейлі зерттейтін тағы бір топ құрдым. Тікелей архив материалдарын тексеретін өз алдына жеке бір топ болды. Осындай жұмыс күні-түні жүргізілді. Еңбегіміз еш кеткен жоқ. Біраз мәселенің беті ашыла бастады.

Біздің небір маркасқа азаматтарымыз осындай азапты жылдардың құрбандары болып кетті емес пе... Мәселен, Сәкен Сейфуллин ісі Мәскеуде болды.

Мәскеуге хатты жазудай-ақ жаздық. Бірақ бізге құжаттардың түрін көрсетпеді. Іздестіріп жүріп сол кезде азаматтарды атқан адамның ізіне түстік. Деректер бойынша мекенжайын анықтап, тауып өзімен кездестік. Жай ғана білімі жоқ, кезінде НКВД-да жұмыс істеген адам екен. Бірақ кезінде кімді атып жатқанын білмеген көрінеді. Дзержинский мен Виноградов көшесінің бойында подвал болған. Еліміздің талай боздақтарын сол жерде, әр күні түнде атып отырған.

– 1937-1938 жылғы ақтандақтарды ғана емес, ашаршылық зұл-

матын да зерттеуге мүмкіндік туды ма? «Азаль кітап» қай жылдары шықты?

– Төраға болып жүргенімде академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевты, Жовтисті, тағы басқа «Мемориал» қоғамының мүшелерін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивіне Мемлекет басшысының рұқсатымен кіргіздім. Олар он күндей сол архивте жұмыс істеді. Біраз деректер жиған сияқты. Көп ұзамай құжаттар ізімен жақсы бір кітап шығарды. Қайтыс болған адамдардың тізімін жазды. Сол кітаптың алғашқысында Манаш Қабашұлы менің атыма алғысын айтыпты.

«Азаль кітап» деп аталатын ұлы жинақтың бірінші томы 1996 жылы жарық көрді. Кітаптың барлық шығынын «Әділет» қоғамы көтерді.

Менен кейін Ұлттық қауіпсіздік комитетіне келген басшы менің аты-жөнімді кітаптан сызып тастағысы келіп біраз әуреленіпті. Әйтсе де әділет бар емес пе. Манаш Қозыбаев ағамыз: «Бұрынғы төраға Сәт Бесімбайұлының еңбегі ұшан-теңіз, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 60 жыл бойына жабулы келген мұрағатына кіргізіп, қыруар құпия құжаттарды көрсетіп, танысып шығуымызға жол ашты, мүмкіндік берді» деп қасарысып отырып алыпты. Соның арқасында әлгі «Азаль кітапқа» редакциялық ұжымның атынан шағын ғана алғыс жазылыпты.

– Қазақ үшін 1986 жылғы оқиға да үлкен қасірет. Сол жылдары қауіпсіздік қызметінде болдыңыз. Сол оқиғаның беймәлім тұстары туралы зерттеп-зерделенді ме? Көпшілік біле бермейтін құпиялар бар деп ойлайсыз ба?



Мен үшін құндылық –

– Жок. Бұлай деп ойламаймын. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жөнінде талай мақалалар жазылды, біршама кітаптар жарық көрді, естеліктер айтылды, көркем, деректі фильмдер түсірілді. Жастар алаңға шығып, наразылықтарын білдіріп жатқан кезде мен алаңда болған жоқпын. Кеңседе, күндіз-түні қарбалас жұмыста болдым.

1986 жылдың 17 желтоқсанында кеңсеге кірдім, содан тек 2 қаңтарда үйге аз уақытқа барып қайттым. 17 желтоқсанда «Жастар алаңға бара жатыр» деген қауесет естідім. Ести салысымен 20 минуттай уақыт өткенде алаңда болдым. Бара жатып кей жастардың алаңнан қайтып келе жатқанын байқап қалдым. Сол екі арада бас-тық мені кеңсеге шақыртып, амал жоқ дереу кері кетуге мәжбүр болдым. Сондықтан да көп нәрсеге куә болдым деп айта алмаймын. Тек бірер күн өте жұмыс бабымен болған оқиға барысындағы істерді тексерумен айналыстым.

Желтоқсан оқиғасы кезінде Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы басқармасы бастығының орынбасары қызметінде болдым. Қызмет жауапты әрі ауыр. «Ауыр» дейтін себебім – сол кездегі Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті империялық жүйенің құрығының астында жұмыс істейтін. КСРО-ның ең сенімді, әрі дүниені шайқаған құдіретті құрылымы осы – Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті болатын. Бұл комитет барлық өзге министрліктерден жоғары тұрды, әрі үстем сөйледі, дегені жүріп тұрды. Басқарушы сатыда болды.

1986 жылғы 17-19 желтоқсан күні Алматы көшелері алай-түлей сапырылысқа толды. Жастар қол-

дарына сананы жігерлендірер патриоттық жазулар жазылған үлкен плакаттар, лозунгтар, Лениннің суреттерін ұстап, ұрандатып көшеге шықты. Республика алаңына жиналып митингі өткізді. Бір дүрлігістің бастауы еді бұл.

Дәл қай күні екені есімде жоқ, қателеспесем 21-23 желтоқсан күндері болар. Жағдай өте шиеленісіп тұрған. Танертенгісін – телефон безектеп қоя берді. Телефон шалған Қазақстан мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал-лейтенант В.Мирошник екен. Сөзі зілдей ауыр, сұп-суық.

– Сіз не білесіз? – деп бірден дүрсе қоя берді.

Қала және облыс бойынша өтіп жатқан елеулі оқиғалар туралы баяндай бастаған едім, сөзімді кілт үзді.

– Кеше Алматы Медицина институтында үлкен жиналыс өтті. Оқытушы профессорлар сөз сөйлепті. Сол мәжілісте Камал Ормантаев деген профессор алаңға шыққан жастарды жақтапты, бәріміз ұйымдасқан түрде алаңға шығуымыз керек депті. Бұл не деген сорақылық

– Ондай қауесетті естімеппін, – деп шынымды айттым.

– Сонда қалай! Мені қауесет жинайтын журналист деп отырсың ба! Шұғыл түрде мәселені қарап тексеріп, нақты ұсыныс түсіріңіз. Ұсынысты жазбаша түрде алып келіңіз! – деп тықсыра сөйлеп телефон тұтқасын ашумен тастап жіберді.

Бір қызметкерімді шақырып алдым. Институтта болған әлгі жағдайдың анық-қанығын біліп келуді тапсырдым.

Қызметкерім түстен кейін болған оқиғаны салақұлаш етіп

ОЙТОҒЫС

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБИ

жазып келіпті. Тура бір роман оқып шыққандай болдым. Осыншама ұзақтан қайырып, қағаз бен қаламды аямай түкпірлеп жазып келеді деп күтпеген едім. Институттың үш оқытушысымен сөйлесіпті. Біреуі — ғылым докторы, екеуі — ғылым кандидаты. Әлгі ғылым жолында жан алып, жан беріп жүрген сабаздарың, неге екенін қайдам, профессор Камал Ормантаевты жерден алып, жерге салыпты. «Нағыз ұлтшыл, жастардың құлағын көтерді, Республиканы қазақ ұлтының өкілі басқаруы керек» деп төгілдіргенде бар ғой кісі жаны түршігіп, «не деген қаскөйлік десенші!» деп ойлайсың.

Тағы да тексерейін дедім. Бұл істің бетін ақырын уақытша жауып қойдым да, екінші қызметкерді кабинетіме шақырттым.

— Институтқа барып, жағдайды қайта анықтап келіңіз. Әркімнің айтқан сөзін тізіп жаза бермей, Ормантаевтың жиналыста сөйлеген сөзінің хаттамасын алып келіңіз, — деп пәрмен жасадым.

Сол арада профессордың сөзін, оған қосымша өз атымнан «К.Ормантаев — білікті ұстаз, отанымыздың патриоты, беделді азамат, зиялы қауым өкілі» деген пікірдегі бөлекше құжат жазып, екеуін бір папкіге салып, Төрағаның қолына апарып бердім.

Төраға құжатты мұқият оқып шықты. Оқыған сайын қанын ішіне тартып сұрлана түсті. Зығырданы қайнап, зәрлене ысқырып, басын шайқады. Қолындағы құжаттарға көңілі толмағаны сезіліп тұрды.

— Әй, қазақтар-ай бір-біріне шық жуытпайсыңдар ғой. Бара беріңіз, — деп салқын қабақпен шығарып салды.

Бұл мәселе жайында Төраға менімен екінші кайталап сөйлескен жоқ. Камал Ормантаевпен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің кісілері арнайы шақырып сөйлесті ме, әлде жазып берген құжатты қанағат тұтып, мәселені жылы жауып қойды ма ол жағы маған белгісіз. К.Ормантаевпен өзім таныс емеспін. Осы уақытқа

үшін оның басқа ұлтқа, не сол ұлттың өкілдеріне қарсы істеген қылмысы анықталуы керек. Ең алдымен халыққа зияны бар бұлкі шығаратын кісі ме, соны тексеріп қараймын. Бәрін дәлелдеп болған соң шұғыл шара тергеушілері қорытынды жазады. Сол қорытындыларды мен бекітетінмін. Шамам жеткенше тек әділдік жолында жұмыс істедім. Таза жүрдім. Жоғарыдағы тексерістер оны дәлелдеді.

Желтоқсан оқиғасының маңызын, қасіретін, тарихын, бағыт-бағдары мен көкөсеген мақсатын тарих таразыға салып бағалады. Бұл оқиға Тәуелсіздікке қол жеткізуді аңсаған, еркіндік пен бостандықтың ақ таңын күткен қазақ жастарының кеудесін кернеген кек пен ашу-ызаны, ар-намысты, жаңа дәуірге аяқ басу мен ұлттық рухты аркалап, азаттықтың туын көтеруге жасалған алғашқы қадамы еді.

Тәуелсіздіктің туын желбіретуге себеп болған бұл күн ұлт тарихында ерекше маңызды күн болғаны шындық еді.

наурызда Президент Жарлығымен Республикалық Ұлан әскери жасағы құрылды. Ерекше назар аудартарлық жайт — Ұлттық Гвардиямыз жеке ұсыныспен және ТМД елдерінде бірінші болып Қазақстанда құрылды. Бұрын Одақта, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде ереже болған емес. Гвардияның ережесін жаңадан жазып, заң қабылдаттық.

Гвардиялық құрылымның әліппесі саналатын жалпы ережесін өзін жаздым. Ережені жазу барысында төзімім мен біліміме арқа сүйеюіме тура келді. Осы әліппені жазу барысында бәрі мен ойлағандай болмады. Әр тарауын, тармақшасын, тіпті әр абзасына ерекше назар аудара отырып жаздым.

Ұлттық Гвардия да бізде бұрын болмаған құрылым. Құрылымның ережесін жазып, офицер әріптестермен талқылап, қайта редакциялап, оны кітапша етіп шығардық. Одан кейінгі қолға алған істердің бірі — тіл мәселесі болды. Әйтпесе, іс-қағаздарының бәрі орысша болатын. Оның үстіне, ең басты мәселе — іс-қағаздарын түгелдей дерлік мемлекеттік тілге көшірдік.

Әуекүшінің 98 пайызы жұмыс істемейді. Мына Қарулы Күштердің көбі жаяу әскерлер екі жылға шақырылады. Бір рет те мылтық атпайды екен, керек десеніз ең сорақысы киімдері де жаңа емес, әйтеуір тамақ ішеді. Екі жыл болады да кетеді. Құлды кезекті демалыста жүрген қызметкерлер секілді. Еш жаттығу, оқу, тоқу

сүйеніп мен Қазақстанда Қарулы Күштер жоқ деп айтамын. Жалақы мүлде төмен. Қазіргі нарқыққа сай емес, — деп өзімді әбден мазалаған мәселелердің барлығын Президенттің алдында жайып салдым.

Қорғаныс саласын реформалау мәселесі күн тәртібінен түспеді. Себебі әскерлер Солтүстік Шығыста ғана орналасқан. Ал басқа өңірлер бос. Сондықтан да басқа өңірлерді әскер құрамымен толықтырып, төрт округ құрдық. Оңтүстік округінің орталығы — Жамбыл облысында, Батыс округ — Ақтөбеде. Семейде бұрынғы корпус болатын. Шығыс округі Семейде орналасты. Орталық округ Қарағандыдан орын тепті.

Міне, осындай істер атқардық.

— Қазір алғашқыдай емес, күштік құрылымдар қалыптасып, орнықты деуге болады. Дегенмен 30 жылдан астам уақыт ішінде біз мықты Армия қалыптастыра алдық па?

— Әрине, әрдайым жетілдіріп отырғаннан кейін мықты Армия қалыптасады ғой. Мен зейнетке шыққалы жиырма жыл уақыт болды. Армияның ішкі құпиясын білмеймін, араласпаймын. Ал сырт қарағанда ТМД көлемінде Отанын қорғай алатын Армиямыз бар деп санаймын.

— Соңғы жылдары әскерде әлімжеттік, буллинг, сундид мәселесі жиілеп кетті. Осы біз әскерімізді әлсіретіп алған жоқпыз ба?

— Олай деп ойламаймын. Дегенмен олқылықтар да аз емес екені рас. Президент те әскердегі кемшіліктерді біледі. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақындағы Жолдауында «Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы — айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы Күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты» деп нақты тапсырма берді Қорғаныс министріне. Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы қатаң орындалуға тиіс!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ең басты Отанды сүю

Кешкі сағат тоғыз шамасында жұмсап жіберген екінші қызметкер қайтып оралды. Жағдайды түгел баяндады. Төрт адаммен сөйлесіп, пікірін сұраған. Оның екеуі Камал Ормантаевты көптен бері біледі екен. «Алып бара жатқан дәнеме жоқ. Камал ағамыз жастардың келешегі туралы тебіреніп сөйлегені рас. Бірақ билікке қарсы көтерілейік, көшеге шығайық деген сөзін естігеніміз жоқ», — депті. Олардың пікірінше, профессор өз ісіне мығым, жоғарғы деңгейдегі маман, тәжірибелі ұстаз, халықтың жағдайын жақсы біледі. Ел ішінің жағдайына шынымен жаны ашты, адамгершілігі мол, өмірлік тәжірибесі жастарға үлгі боларлықтай тұлға.

Бұл аз дегендей әлгі жиналыстың хаттамасын әкеліпті. Түпнұсқасын алдыма қойды. Хаттамаға көз жүгірттім. Тұжырып айтқанда — профессор төмендегіше сөйлепті:

«Медицина институтына түсетін қазақ жастарының біразы ауылдың балалары. Олар орыс тіліне шорқақ. Орыс тілін жетік білмейді. Сол себепті лекцияны (дәрісті) толық түсінбейді. Алғашқы уақытта сабақты терең ұға алмай ақсап жүреді. Біраз студент бірінші семестрдің аяғында өз ойын жеткізіп айта алмай, төмен баға алып, оқудан шығып кетеді. Сондықтан ауылдан келген студенттерді бір жыл қосымша дайындаған жөн. Орыс тілін жақсы менгерген жастар көкірек көзі ерте ашылады».

Профессордың жиналыстағы сөзінің ұзын-ырғасы осы. Саясатқа қарсы ештемесі жоқ. Елді дүрлік-тіріп, бүйректен сирақ шығарып, атойлаған дәнемесі көрінбейді.



дейін ол кісімен ұшырасып сөйлескенім жоқ.

1986 жылғы желтоқсан және 1987 жылғы қаңтар айларында Алматы қаласы және Алматы облыстық басқармасына 1 мыңнан астам сигнал келіп түсті. Осының бәрін қалт жібермей қадалып отырып, тексеріп шықтық. Әрбірінде көрсетілген деректі мұқият тексеріп, ақ-қарасына көз жеткізіп, ақиқатын ашу кезінде бірде-бір кісінің обалына қалған жайымыз жоқ. Менің тарапымнан еш адамның үстінен қылмыстық іс қозғалмады.

Бір жылда осындай 1056 сигналды тексеріпті. Барлығына да ұлтшылдық жоқ деген қорытынды шығардым. Ұлтшыл болу үшін бір адамға зиян келтіретіндей әрекет жасалуы керек. Соны анықтаймыз, өмірбаянын түгел бастан-аяқ қарап шығамыз. Түсіндіре кетейін, мәселен бір адамды ұлтшыл деп айыптау

— Тәуелсіздік алған жылдарға қайта оралсақ: күштік құрылымдардың қалыптасуына ерекше еңбек еттіңіздер. Тәуелсіздікті жаңа алған, қадамын тәй-тәй басқан мемлекет үшін бұл әрі жауапты, әрі қиын кезең еді. Сол бір тұста қандай жұмыстар атқардыңыздар?

— Тарихта алғаш рет коммунистік жүйе ыдырап, демократиялық Тәуелсіз мемлекет құрылды және осы мемлекеттің арнаулы құқықтық органы — Ұлттық қауіпсіздік комитетіне көп ұзамай Президенттің арнайы Жарлығымен төрағасы болып тағайындалдым. Кадр мәселесі қиын еді. Көп қызметкерлер бұрынғы тарихи отаны Ресейге кетіп қалды. Өзіміздің мамандар әлі ысылып, қалыпқа түскен жоқ.

Еңсемізді көтеріп, егемендігімізді жариялаған күннен тура үш ай өткенде, яғни 1992 жылғы 16

деген жоқ. Ұйқы, тамақ, ұйқы тамақ. Бұл не сонда, Қарулы Күштер ме?! Әрине жоқ. Бұл сарбаздар әскер деңгейін көркейтердей еш білім алмайды.

Танктердің барлығы тоқтап тұр. Артиллерия да сондай жағдайда. Әрбір сала 98-99 пайызға дейін жұмыс істемейді. Осыған

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА:

- Сізді қуантатын нәрсе не?
- Отанымын тыныштығы, ел бірлігі. Әлем алдындағы абыройы.
- Өткеніңізге өкінетін кездер бола ма?
- Мен өмірімді ел қатарлы өткіздім. Үлкен өкінішім болған емес.
- Саладағы қатаң тәртіпті отбасында қолданған дұрыс па?
- Жоқ, әрине.
- Сіз үшін сөздің серті неде?
- Уәдеде тұру. Екі сөйлем.
- Ең маңызды құндылық қандай?
- Отанды сүю. Мемлекетшілдік.
- Әскери адамның бойында болуы керек қасиет?
- Әділеттілік.

НАРЫҚ

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Ұдайы көшіп-қонып, аттың жалында, түйенің қомында тіршілік кешкен көшпенді қазақ қашанда астындағы көлігіне қатты мән берген. Жеті қазынаға балаған жылқыны ең алғаш қолға үйреткен де қазақтар деген тарихи дерек бар. Желдей жүйткіген жылқының орнын бүгінде автокөлік басты.

А Наурызбек
САРША

**ЕЛІМІЗДЕ
ҚАНША КӨЛІК БАР?**

2023 жылы отандық автонарықта рекорд тіркеліп, 200 мыңға жуық жаңа автокөлік сатылса, олардың 70 пайызы Қазақстанда өндірілген екен. Айта кетейік, елдегі көлік бағасына қарамастан, көп қазақстандық былтыр автокөлік несиесіне оншалықты жүгінбеген екен. Freedom Finance Global сарапшылары автокөлік нарығын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізген. Оған еліміздің барлық аймағынан 1 021 адам қатысқан. Көлік иелерінің басым бөлігі (67,8 пайызы) көліктің толық құнын өтеп, бірден сатып алған. Ал 29,7 пайызы автокөлік алу үшін несие рәсімдеген. Айта кетерлігі, азаматтарды несие алуға тек табысы емес, сатып алушының жасы да әсер еткен. Несие алған қазақстандықтардың басым бөлігі оны бастапқы жарнасыз (26,7 пайыз) рәсімдеген. Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігінде бастапқы жарна мөлшері автокөлік құнының шамамен 20 пайызынан кем болған, ал әрбір онының сатып алушы бастапқы жарна төлеу кезінде автокөлік бағасының жартысынан көбін өтеген. Несие алушылардың басым бөлігі 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге автокөлік несиесін алған. Бір қызығы, бұл мерзімге автокөлік несиесін көбіне бала-шағалы отбасылар алғаны анықталды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген автокөлік саны 5 506,9 мыңды құраса, оның ішінде: 88 пайызы – жеңіл автомобильдер, 9,9 пайызы – жүк көліктері, 2,1 пайызы автобустар екен. «Жеңіл көліктердің шығарылған жылды бойынша 20 жылдан асқандардың үлесі – 44,4 пайыз, 10 жылдан 20 жылға дейінгілердің үлесі – 23,6 пайыз, 7–10 жыл болғандар – 12,6 пайыз, 3–7 жыл аралығындағылар – 13,2 пайыз және автокөлік құралдарының тек 6,2 пайызының шыққан жылы 3 жылдан аспайды», – делінген хабарламада. Шығарылған жылы 20 жылдан асқан жеңіл көліктердің ең көп саны Алматы облысында (325,2 мың), Алматы қаласында (189,7 мың), Жамбыл облысында (168,8 мың), Қарағанды облысында (162,9 мың) және Шығыс Қазақстан облысында (154 мың). Иә, соңғы бір жылда ескі көліктердің де саны өскен. Зауыттан шыққанына 20 жылдан асқан автомобиль саны 2 млн-нан асып жығылады. Ал 10 жылдан 20 жылға дейінгі темір



ТЕМІР КӨЛІК – ЖАҢҒА СЕРІК

тұлпарлар саны 1 млн-нан асады. 3 жыл жүрген көлік саны 305 мыңға жуық. Осы жылдың маусым айында 132,8 мың автокөлік есепке қойылса, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26,3 пайызға кеміген екен. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша, елде 73 мыңға (72,8) жуық темір тұлпар шығарылған. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 17,8 пайызға аз. Дегенмен сарапшылардың сөзіне сенсек, алдағы уақытта Қазақстанда автокөлік өндірісі өседі. Бұл сұраныстың артуымен байланысты болмақ. Ал сұраныс артса, бағаның да бір орында тұрмайтыны анық. Бұл – нарықтық экономика заңдылығы.

**ЕЛІМІЗДЕ ҚЫТАЙ КӨЛІКТЕРІ
ӨНДІРІЛМЕК**

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, шетелдік және отандық инвесторлар ел аумағында жаңа зауыттар салып жатыр.

«Changan, Haval, Chery автомобильдерін шығаратын зауыттың құрылысы аяқталуға жақын. Бұл зауытта СКД әдісімен жылына 90 мың автокөлік шығарылады. Сонымен қатар құны 200 млн доллар болатын KIA автомобиль зауытының құрылысы жүргізіліп жатыр. Онда 150 млн доллардың Geely, Exeed, KAIYU жеңіл автомобильдерінің өндірісі пысықталуда», – деді Шарлапаев. Қазір Қазақстанда автомобиль шығаратын бірнеше зауыт салынып жатыр. Өндіріс орындары іске қосылған соң жаңа автокөліктер саны да өседі. Сол кезде басқа тетіктерді іске қосуға немесе жеңілдетілген автонесие бағдарламасын қайта жандандыруға тура келмек.

Қытай автокөліктері Орталық Азияға Қазақстан арқылы жеткізіле бастағанын да айта кеткеніміз жөн. Автокөліктер тиелген алғашқы жүк пойызы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы Үрімжіден жолға аттанды. Ол «Қорғас» және «Алтынкөл»

шекара бекеттері арқылы өтіп, көліктерді Алматыға жеткізеді. Құрамға құны 27 миллион юаньнан асатын (шамамен 3,8 миллион доллар тұратын) 261 жеңіл автокөлік тиелген. Жыл соңына дейін Қытайдан ОА елдеріне 15 мыңнан астам автокөлікті тасымалдау жоспарлануда. 2024 жылдың басынан бері Қорғас пен Алашанқай арқылы 83 781 көлік тасымалданған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,9 пайызға артық. Сарапшылар автомобиль жеткізілімдерінің өсуі Орталық Азия елдерінде қытайлық автокөліктерге сұраныстың артуына байланысты екенін айтады.

**ҚЫТАЙДАҒЫ АВТОКӨЛІК
ӨНДІРІСІНІҢ ҚАРҚЫНЫ
ҚАТТЫ**

Қытай демекші, бүгінде аспанақты елі көлік өндірісімен әлемді жаулап келеді. Қазірдің өзінде елімізде іргеміздегі көршіміз шығарған көліктер көшеде көптеп кездеседі. 75 жыл ішінде КХР өзінің көлік саласын дамытуда үлкен серпіліс жасады. Ел жол инфрақұрылымын түбегейлі өзгертіп қана қоймай, жаңа пойыздар, кемелер мен машиналар жасады. Көлік желісінің ұзындығы 6 млн шақырымнан асатын Қытайда бүгінде 440 млн көлік бар, оның 345 млн-ы – жеңіл автомобильдер. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, көлік инфрақұрылымына салынған инвестициялардың күнделікті көлемі 10,7 млрд юаньды құраған. Бұл – Қытай үшін жаңа рекорд. Қытайда азаматтардың 90 пайызы қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілген. Қоғамдық көлік желісі қала тұрғындарының 90 пайызына қызмет көрсетеді. Бұл – АҚШ, Аустралия және Африканың ірі қалаларына қарағанда әлдеқайда жоғары көрсеткіш. Фуцзянь провинциясының Фуцжоу қаласында ол тіпті 99 пайызға жетеді. Аталмыш нәтижелер 25 қыркүйекте Тұрақты даму үшін үлкен деректердің халықаралық зерттеу орталығының (CBAS) баяндамасында

жарияланды. Оның құрамына 1 миллионнан астам халқы бар қалалар кіреді, оның ішінде 337-сі – Қытайдағы шаһарлар. Салыстырмалы түрде қарасақ, Шығыс Азия мен Еуропа елдерінде бұл көрсеткіш сәйкесінше 64 пайызы және 71 пайызға тең. Бұл ретте АҚШ қалаларының көпшілігінде жоспарлануда. 2024 жылдың басынан бері Қорғас пен Алашанқай арқылы 83 781 көлік тасымалданған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,9 пайызға артық. Сарапшылар автомобиль жеткізілімдерінің өсуі Орталық Азия елдерінде қытайлық автокөліктерге сұраныстың артуына байланысты екенін айтады.

Сонымен қатар Қытайдың негізгі жаңа энергетикалық көлік (NEV) өндірушілері қыркүйек айында ай сайынғы жеткізу рекордтарын орнатты. Тіпті, мамыр айының соңында елде 9,92 млн электромобильді зарядтау стансасын орнатып, осылайша КХР әлемдегі ең ірі заряд желісін құрды. Ең ірі өндіруші BYD 419,5 мың көлік сатқан. Жылдық мәнде өсім 46 пайызға тең, ал айлық көрсеткіш бойынша бұл – жаңа рекорд. Li Auto қыркүйекте 53,7 мың жаңа көлік жеткізген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49 пайызға артық. Nio 21,2 мың автомобиль шығарды немесе 2023 жылмен салыстырғанда тапсырысты 35 пайызға артық орындады деген сөз. Автокөлік саласындағы жаңадан келген Xiaomi болса, төртінші ай қатарынан 10 000-нан астам көлік жеткізілгенін хабарлады. Иә, Қытай нарығының жартысынан көбі – электромобиль мен гибрид. Қыркүйектің қорытындысы бойынша, жаңа энергиямен жүретін автомобиль (электрокар,

Түйін:

Биыл 9 айда елімізде 82 мыңнан аса автомобиль шығарылған. Дегенмен бұл салада мамандар тапшылығы айтарлықтай мәселе туындатып отыр. Бүгінде Қазақстанның автомобиль өнеркәсібіне 5 мыңға жуық жаңа қызметкер қажет. Бұл туралы жақында автомобиль бизнесі қауымдас-тығының вице-президенті Анар Мақашева айтты. «Біздің салада әсіресе инженерлер мен жұмысшылар тапшы. Кәсіпорының өзінде бір ауысымды қамтамасыз ету үшін 2025 жылдың мамырына дейін 2 500 жұмысшы оқудан өтуі керек. Барлық өндірушілер Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі колледждермен және университеттермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бірақ танымал мамандық емес және қызығушылық танытатын студенттер саны шектеулі», – деген еді ол. Іргедегі көршілеріміз өркениетке құлаш сермеп, ұшатын көліктер шығарып жатқанда қарапайым жұмысшыларға зәру болып отырғандығымыз елімізге сын.

гибрид, NEV) Қытай автонарығының 52 пайызын иеленген. Бұл типтегі машина саудасы ішкі нарықта жаңа деңгейге жетіп, экспорт көлемі де артып келеді. Қытай автоөндірісінде Chery, SAIC және Geely өнімдері экспортқа ең көп шығады, ал нарық көшбасшысы BYD концерні болды. Қытайда қыркүйекте 1 176 000 дана NEV көлік өтті, бұған экспортқа шыққан машинаны қосқанда жалпы көрсеткіш 1 287 000 болады. Бір жылдағы өсім 42 пайыздан асты. Бір айда 511 мың гибрид иесін тапты, бұл былтырғы қыркүйекпен салыстырғанда 84 пайызға артық. Ал электромобиль саудасының өсімі 24 пайыз болды. Қытай маркалары өткен айда шетелге 22 мың дана PHEV жеткізді, бірақ бұл былтырғы нәтижеден 90 пайызға көп. 2024 жылдың үш тоқсанында Қытай компаниялары экспортқа 4,3 млн машина шығарды. Қыркүйекте бұл көрсеткіш бойынша Chery, SAIC және Geely көш бастап тұр, бірақ биылғы жалпы нәтижені есептесек, Changan үздік үштікке енеді. Қыркүйекте BYD алғаш рет SAIC-ті бірінші орыннан ығыстырып, Қытайдың ең ірі автоөндірушісі атанды.

**БОЛАШАҚТЫҢ
АУЫЛЫ ЖАҚЫН**

Қашанда адамзатты таңғалдырудан жалықпайтын Қытай жақында Гуандун провинциясының әкімшілік орталығы Гуанчжоу қаласында ұшатын автомобильдер зауытының құрылысын бастағанын жариялады. Бұл кәсіпорын елдің барлық провинцияларында «төмен биіктіктер экономикасы» деген жаңа бизнес түрі қарқын алған шақта салынып жатыр. Оның бірінші кезегі материалдық, бояу, біріктіру және құрастырудың жалпы процестерін қамтитын төрт цехтан тұрады. Бұл өндірістік база электромобиль шығаратын XPENG компаниясының еншілес кәсіпорны Xpeng Aeroht фирмасының тапсырысы бойынша салынып жатыр. Ол «ұшатын автомобильдерді жаппай шығаратын алғашқы кәсіпорын» ретінде жарияланды. Компания сайтында сипатталғандай, бұл автомобиль екі бөліктен тұрады: жер модулі мен әуе модулінен. Жердегі модуль әуе модулін тасымалдайды және екі модуль автоматты түрде бөлініп, біріге алады. Бұған қоса, жердегі модуль ауа модулін қайта зарядтауға қабілетті екен. Жаңа зауыттың бірінші кезегі 180 000 шаршы метр аумақта бой көтермек. Және де ол жыл сайын Land Aircraft Carriage деп аталатын көліктің 100 мың данасын шығаруды жоспарлап отыр. Қыркүйек айында пилотталған ұшу сынағын аяқтаған Land Aircraft Carriage жыл соңына дейін сатылымға шығуды жоспарлап отыр және оның бағасы шамамен 2 миллион юань (шамамен 280 520 АҚШ доллары) деңгейінде белгіленді.

Ана мен бала мәселесінің қоғам назарына ілінуіне белсенді азаматтардың іске асырып отырған ауқымды жобалары да әсер етіп отыр. Соның бірі – таяуда ғана Алматыда өткен Be Woman Орталық Азия әйелдер форумы. Орталық Азияның көшбасшы әйелдері ұйысқан форум осымен екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Форум көшбасшылық, инновация, әлеуметтік прогресс және теңдік сынды өзекті тақырыптарды ортаға салатын алаң ретінде танылды. Биылғы форумға 12 мемлекеттен жиналған көшбасшы әйелдер, жалпы саны 95 спикер, 24 ментор және 3 000-ға жуық қонақ қатысты.



СЫЙЛА ӘЙЕЛДІ, ЖОҒАРЫДАН БЕР ОРЫН

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

**ӨЗ ЕРЕКШЕЛІГІМІЗДІ
САҚТАҒАНЫМЫЗ ЖӨН**

Форумда онлайн байланыста сөз сөйлеген Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева соңғы жылдары еліміз гендерлік теңдікке қатысты маңызды қадамдар жасағанын, Мемлекет басшысының бастамасымен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін жетілдіру саласында заңнамалық реформалар жүргізілгенін атап өтті.

— Қазақстанның әйелдері бүгінде мемлекеттік биліктің барлық саласында кездеседі. Олар жаңа технологиялар мен цифрландыруды енгізуге де белсенді қатысып жатыр. Әйелдер — спорт шебері, сирек кездесетін мамандықтардың да иелері. Қазақстан әйелдері бітімге келтіруші және бақылаушы ретінде бейбітшілікті қолдау жөніндегі БҰҰ өкілдіктеріне қатысады. Тәжірибе көрсеткендей, гендерлік тепеңдік бар жерде көп жағдайда дұрыс шешімдер қабылданады, — деді Мәдениет және ақпарат министрі А. Балаева.

Жиынға қатысушылардың ішінде халық алдында жүрген қазақстандық танымал тұлғалар мен мазмұнды әрі қызықты контентімен аудиторияға пайдалы контент ұсынатын көшбасшы әйелдер де бар. Солардың бірі — форумда «Феникс әйел: Сынақ арқылы табыс шыңына жету» панельдік сессиясын жүргізген модератор, танымал тележүргізуші Дина Төлепберген.

— Біз, яғни Орталық Азия әйелдері көбіне Батыс Еуропаның стиліне, насихатына, біліміне сенеміз. Соны дұрыс деп қабылдаймыз. Отбасы тәрбиесінде сол бір дәстүр мен құндылықтарды өз өмірімізге әкелгіміз келеді. Бірақ шын мәнінде «осындай қадамға барудың қажеті бар ма?» деген сауал туындайды. Біз қашанда даналығымызбен, терендігімізбен ерекше болғанбыз және оны сақтап қалуымыз тиіс. Біздің модель — тәрбие құндылығын әлемге насихаттау. Өйткені Орталық Азия елдері отбасындағы ерлі-зайыптының ажырасуына қарсы. Орталық Азия әйелдері — биік, олар қай салада болмасын өзін дәлелдей алады. Сондай-ақ отбасы берекесін қамтамасыз ететін, дәстүрді берік сақтайтын әйелдер. Сөйте тұра, олар әлемді бағындырып жүр, — деді ол.

**ӨЗГЕРІС ӨЗІМІЗДІ ТҮСІНГЕНДЕ
ҒАНА ОРНАЙДЫ**

Бүгінде еліміздегі шағын және орта бизнес нысандарының 43 пайызын әйелдер басқарады. Отандық IT-индустрияда қызмет ететін әйелдердің үлесі 31 пайыз болса, Парламентте жалпы депутаттар санының 20 пайызын құрайтын 29 әйел бар. Форумда «Қазақ әйелдерінің мәдени коды: тарихқа 100 жыл» зерттеуін таныстырған

журналист, деректі фильмдердің авторы Әлия Әшім топ-менеджментте, бизнес пен IT саласында әйелдер некен-саяқ екенін атап өтті. Netflix стилінде деректі фильмдер түсіретін фильммейкер ана мен бала құқығы мәселесін қозғағанда ең алдымен адамның санасы еркін болмай, заң жұмыс істемейтінін түйреп өтті.

— Біз бір сәтте ештенені өзгерте алмаймыз. Заң қабылдау бөлек, ал адамдардың көзқарасын өзгерту — тіптен басқа әңгіме. Заң жоғарыдан төменге түспейді, керісінше төменнен жоғарыға қарай бағытталады. Қоғам талап еткен соң ғана заң өзгереді. Сондықтан аналар, қазақ әйелдері өз функциясын, тұлғалығын түсінген кезде, бұл мәселеде де өзгеріс орнайды деп ойлаймын. Бірақ ол — жар, ана болу функциясын жоқ қылу деген сөз емес, бұл тек әйелдің ана мен жардан басқа да функциялары бар екенін жеткізу. Статистиканы қарасаңыздар, оқуды үздік дипломмен тәмамдайтындар, магистратураны ең көп бітірушілер — қыздар қауымы. Жоғары білім алатындардың басым бөлігі де — қыздар. Бірақ топ-менеджментте, бизнесте, IT саласында әйелдер некен-саяқ. Бұл тұста негізгі мәселе әйелдің көзқарасын өзгертуге байланысты. Әйел осыны ұғынған кезде заң өзі-ақ жұмыс істейді, — деді фильммейкер.

**ЖАҢА ЭНЦИКЛОПЕДИЯ
ЖАРЫҚҚА ШЫҒАДЫ**

Сонымен қатар Әлия Әшім таныстырылым барысында қараша айында 52 тұлғаның есімі жазылған энциклопедия жарық көретінін мәлімдеп:

— Біз бұл энциклопедияны академиялық емес, күнделікті кез келген қыз баласына қажетті еңбек ретінде жарыққа шығарғмыз келеді. Энциклопедия қарапайым планер іспеттес. Бірақ бұл біздің түсінігіміздегі жай планер емес. Энциклопедияда әрбір әйелдің кім екені, оның қитатасы, қоғамға сіңірген еңбегі турасында ақпарат беріледі. Мұнда есімдері аталған әйелдер осындай биік деңгейге жету үшін еңбекқорлық танытты. Олар — қиын-қыстау заманда дауылдың ортасынан суырылып шығып білім алған әйелдер, — деді.

Одан өзге Әлия Әшім көшбасшы әйелдерді бір арнада тоғыстыратын мұндай ауқымды іс-шаралар, ең біріншіден, нетворкинг алаңы, сондай-ақ жетістікке жеткен әйелдердің өз оқиғасымен бөлісетін жиын екенін атап өтті.

«Мұндай ірі жиындардан кейін ауқымды масштабтағы жобалар жасалып, кейіннен сол жобалардың әсері болады деп сенемін. Байқап қарасаңыз, жұмыс істеп жүрген қарапайым қазақ әйелінің мұндай жиындарға келуі екіталай. Сондықтан осындай іс-шаралар арқылы ортақ жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар», — деп сөзін түйіндеді журналист Ә. Әшім.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Be Woman Орталық Азия әйелдер форумының кезекті жиынын 2025 жылдың көктемінде Қырғызстан мемлекетінде өткізу жоспарланған.

АТЫРАУДА ТАҒЫ ҚАМЫС ӨРТЕНДІ

Тасқыннан кейін енді-енді есін жиып жатқан Атырау бірнеше күн бойы қамыс өртімен алысты. Қаланы көк түтін жапқан қамыс өрті 6 қазан күні басталды. Араға бірнеше күн салып қана өрт өшірілді. Өрт толық сөнгенге дейін атыраулықтар күлімсі тартқан ауамен демалып, көк түтінге тұншығуға мәжбүр болды. Өрттің ұзақ уақытқа дейін ауыздықталмауына қамыс өртінің батпақты жерлерде тіркелуі себеп болып отыр.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Атыраулықтар әлеуметтік желіде жаппай шағымданып, дабыл қаққаннан кейін 6 қазан күні кешкілік «Қазавиақұтқару» мекемесі тікұшақпен барлау жүргізді. Аэровизуалды барлау жұмыстары Құрманғазы және Исатай аудандарының аумақтары арасында Каспий теңізінің жағалауы бойында батпақты жерлерде қамыс өртеніп жатқанын анықтады.

Өрт аумағына Төтенше жағдайлар департаментінен 9 жеке құрам, 1 арнайы техника, «Ақ Жайық» резерватынан 3 адам, 1 жүзу құралы шықты. Сондай-ақ арнайы тікұшақ жөнелтілді. Осылайша, бірнеше күнге созылған қамыс өрті 11 қазан күні кешкілік көп күш жұмылдыру нәтижесінде ғана ауыздықталды. Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаменті мәліметінше, Каспий теңізінің жағалауындағы «Ақ Жайық» мемлекеттік табиғи резерватының аумағындағы жойқын өртті тек 10 қазан күні ғана оқушаулаған. Өрт толықтай 11 қазан күні сағат 18:00-де сөндірілді. Өртті сөндіру жұмыстарына Атырау облысы ТЖД және «Ақ Жайық» МТР күштері мен құралдары, жалпы есеппен 43 қызметкер, 16 техника жұмылдырылды.



Мамандардың айтуынша, Атырауда қамыс өртінің жиі қайталануының бірнеше негізгі себебі бар. Біріншіден, бұл Атырау аймағының табиғи жағдайларына байланысты.

«Қамыстар әдетте ылғалды, батпақты жерлерде өседі, ал мұндай жерлерде өртті сөндіру өте қиын. Жазғы және күзгі кезеңде құрғақшылық қамыс өсімдіктерін оңай тұтанып кететін жағдайға жеткізеді. Екіншіден, адамдардың аңшылық маусымында немесе демалыс кезінде қауіпсіздік шараларын сақтамауы, мысалы, өшірілмеген темекі тұқылдары немесе от жағу нәтижесінде өрт шығуы мүмкін», — дейді төтеншеліктер.

Шынын айту керек, қамыс өрттері кейде бақылауға алынбай, бірнеше күн бойы сөнбей жалғаса береді. Оған себеп — жоғарыда айтқан батпақты және бару қиын жерлерге техниканың жете алмауы. Каспий теңізі жағалауы мен резерваттардағы қамыс алқаптарының жиі отқа орануы онсыз да онып тұрмаған облыстың экологиялық ахуалына кері әсер етіп отыр. Себебі өрттен шыққан түтін жақын маңдағы елді мекендерге жеткені өз алдына, көк түтін ойда орналасқан қаладан кетпей «тұрып» алады.

Көзі қарақты оқырман біледі, осыдан бір жыл бұрын Атырау облысы әкімдігі Экология министрлігіне «Ақжайық» резер-

ватын облыс әкімдігінің балансына өткізу туралы мәселені көтерген болатын.

«Қазір «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының аумағы өте үлкен: 115 мың 500 гектар. Резерват — Экология және табиғи ресурстар министрлігінің теңгерімінде. Біз оны Атырау облысы әкімдігінің теңгеріміне алғмыз келеді. Әкімдік балансына Каспий теңізінің Ресей Федерациясындағы Астрахань облысының шекарасынан Маңғыстау облысының шекарасына дейінгі аралықтағы аумағының берілуін сұрадық. Егер бұл мәселе шешілсе, онда резерватқа облыс бюджетінен қаржыландыру қарастырылады. Алдымен Каспий теңізінің жағалауындағы резерват аумағында балық және аң аулауға тыйым салынады. Қамыс өртінің алдын алу үшін бейнебақылау және тепловизорлар орнату жоспарланып отыр», — деген болатын Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев.

Бірақ Премьер-Министрдің орынбасары Роман Скляр «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватын жергілікті әкімдік балансына беру туралы ұсыныстың орынсыздығын мәлім етті.

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватын Атырау облысының әкімдігі балансына беру үшін республикалық маңызы бар санатынан мәртебесін төмендетіп, жергілікті маңызы бар санатқа ауыстыруды талап

етеді. Жоғарыда айтылғанның негізінде және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңның 14-бабының 6-тармағына сәйкес «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды «республикалық маңызы бар» санатынан «жергілікті маңызы бар» санатына ауыстыруға жол берілмейді», — деді вице-премьер.

Алайда Ақжайық резерватында жылына бір емес, бірнеше мәрте қайталанатын өртті болдырмауға Үкіметтің біржақты кесімі жеткіліксіз болып отыр. Өрт тіркеледі, арасына тәуліктер салып өшіріледі. Бірақ оның сыртында қамыс өрттері салдарынан экологияға, жергілікті тұрғындар саулығына келіп жатқан зиянды есептеп жатқан ешкім жоқ.

«Біріншіден, өрт атмосфераға зиянды заттардың көп мөлшерін таратады, оның ішінде күкіртті сутек, көміртек, азот диоксиді сияқты ластаушы заттар бар. Бұл заттар ауаның сапасын нашарлатып, жақын маңдағы тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Әсіресе, өкпесі ауыратындар, демікпе, бронхитке шалдыққандар үшін өрт, түтін өте қауіпті. Ондай адамдарда күтпген жерден асқыну болуы мүмкін», — дейді дәрігер маман Гүлнафис Таңбаева.

Қалай десек те, қамыс өрті Атырау үшін оңай жау болып тұрған жоқ. Жылда қайталанатын қамыс өрті кешенді шешімдерді қолға алуды қажет етеді.

КӨКЕЙКЕСТІ

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБИ

Бала күнінде санада қалған жарақаттар адамның ересек өмірінде неге қайта оянады? Ата-ананың әрбір әрекеті мен сөзі баланың болашағына қалай әсер етеді? Балалық шақтағы психологиялық жарақаттар туралы ашық әңгімелер көбейген бүгінгі қоғамда осы мәселеге қатысты көзқарастар да өзгеруде. Осы орайда біз психотерапевт Сая Бақимовамен сұхбаттасып, адам психикасына жарақат әсері, олармен жұмыс істеудің жолдары және ата-аналардың жауапкершілігі жайлы сөйлесіп көрген едік.

— Сая ханым, бүгінде балалық шақтағы психологиялық жарақат және оның ересек өмірге әсері неге жиі талқыланады? Қоғамда не өзгерді, бұл туралы ашық айтуға бізді не итермелейді? Адамның ересек өмірінде жиі кездесетін балалық шақтағы психологиялық жарақат түрлері қайсы?

— Бүгінде адамдарда өзі жайлы рефлексия жасауға көбірек уақыт табылды. Сол себепті адамның ішкі дағдарысы туралы жиі айтып жүрміз. Жалпы, неге адамның балалық шақтағы жарақатының салдары ауыр? Өйткені бала күнінде адамның психикалық қуаты жоқ. Мәселен, ересек адам басына қиындық түссе, ол өзінің психикалық аппараты, өмірлік тәжірибесі, туған-туыс, дос-жарандарымен қарым-қатынасы, яки қандай да бір білімі (мысалы діни) арқылы жағдайды талдай алады. «Бұл істің де бір хайыры бар» деп өзіне басу айта алады. Ал кішкентай бала проблема туындаса, оны түсіне де, тоқтата да алмайды. Оның психикалық аппараты өте әлсіз. Ал түрлеріне келетін болсақ, жас кезінде ата-анасынан айырылуы, көпбалалы үйде баланың ата-анасымен тікелей байланысы болмаса, яки аз болса, шақалақ шағында анасынан басқа жақыны бағып алып, соның қолында өссе, ұзақ уақыт бойы тұрмысы төмен, қиын әлеуметтік жағдайда өссе (мұның ішіне ас-ауқаттың тапшылығы да, сол уақыттағы қоршаған ортамен байланысы да кіреді), өмірлік табиғи апаттарға тап болса (мысалы, бала күнінде баспанасы өртеніп кетсе, жол апатына ұшыраған болса), ересек адамның балаға жасайтын физикалық және психикалық, жыныстық зорлық-зомбылық салдары және тағы басқа да жағдаяттарды атауға болады. Осы аталған жағдайдың бірі ересек адамның өмірінде кездессе, ол жоғарыда айтылған түрлі фактордың бірінің не бірнешеуінің септігімен жағдайды қорыта алады. Ал баланың ондай мүмкіндігі жоқ, тіптен қалыптасып үлгермейді.

— Неге ересек адамдар көбіне өзінің психологиялық жарақатына ата-анасын кінәлайды? Бұл өзін-өзі танудың жаңа тренді ме, әлде жауапкершілікті өзінен алшақтатуға тырысу ма?

— Баланың өзінің ішкі жарақатына ата-анасын кінәлауының логикалық себебі бар: оның кішкентай күнінде барлық жауапкершілігі ата-анасының мойнына жүктеледі. Өйткені бүлдіршін о баста әке-шешесінен басқа ешкімді танымайды, өзге де әлеуметтік концепциялар жайлы ұғымы қалыптаспаған, өмір, тағдыр дегенді түсінбейді, оның таным-түсінігіндегі тұтас әлемі — тек ата-анасы. Сол себептен өзінің бала өмірінде кезіккен қиын жағдайлар мен оның салдарына әке-шешесін кінәлайды. Әйтсе де, бұл құбылыс осы қалпында өмір бойына қалып қояды дей алмаймыз. Адам терапия барысында, өзін-өзі тану жолында бұл кінәлау сезімі азаяды, яғни ересек адам ата-анасын кінәладан өзіне жауапкершілік алуға (авт. — денгейіне) көбірек өтеді.

— Жан жарасын тану және онымен жұмыс істеу адамның эмоционалды тұрақтылығына әрдайым ықпал ете ала ма? Жағдайды керісінше ұшықтыратын сәттер бола ма?

— Негізі, терапияға келген уақытта екі сценарий де болуы ықтимал: иә, адам бірте-бірте эмоциялық тұрақтылыққа жетеді, я болмаса, бұрынғы жағдайы нашарлап, ішкі күйін ұшықтырып жіберуі де мүмкін, оны — кері терапиялық әсер дейміз. Оның үстіне, адам баласының ішінде кез келген жағдайды тұрақты ұстап тұруға тырысатын, қандай да

Баланың ТҰТАС ӘЛЕМІ — ТЕК АТА-АНАСЫ

бір өзгерісті жақсы көрмейтін үлкен күш бар. Әрбір психика өзін қалай бар сол қалпында сақтап қалуға ұмтылады. Былай қарағанда, адамның психикалық аппаратының жай-күйі оны бүгінгі күніне дейін тірі күйінде жеткізді. Бұл орайда адам психикасы «мен тірі қалдым, бәрі жақсы, ештеңе өзгертпейміз, өзгертетін болсақ, оның салдары қандай болатыны белгісіз, сол себептен осы тұрақтылықты сақтап қалу керек» дегендей ойлайды. Адамның өзгерісті бейсаналы түрде қаламауынан да терапияның кері әсер беретін кездері болады. Бұл уақытта терапия тоқтатылады.

— Балалық шақтағы психологияның жарақатпен жұмыс істеудің маңызы және психологиялық терапияның ондағы рөлі қандай, өткенді түсінуге қалай көмектеседі?

— Адам өзінің жан жарасымен терапия барысында жұмыс істейді. Әйтсе де, ішкі жарақаты бар барлық адам терапияға жете бермейді. Олар дін, басқа да білімі яки коммунистінің көмегімен, кейде өзге біреулерге жәрдемдесу арқылы ішіндегі проблемасын жеңуге тырысады, өнермен айналысу, яғни кино түсіру, кітап жазу арқылы ішкі фантазиясын жүзеге асырып жатады. Психотера-

пия бәріне жете бермейтіндіктен, адам қолынан келгенін істеп, өз жолын табуға тырысады. Күнделікті өмірде адам өзімен-өзі сөйлеп, өзіне айта алмайды ғой, ол әрі кетсе жазады. Ал бұл екеуі екітүрлі процесс. Біз сөйлеген уақытта миымыздың бірнеше бөлігі іске қосылады: біз сөйлейміз, оны естиміз, айтылған әңгімені қорытамыз, тағы сол сияқты. Ал психологтен өзгемін сөйлескен уақытта сол адам маман сияқты тындай алмайды, өзінің ойын айтып, кеңес бергісі келеді, сөзін бөледі, оның ауыр сезімдеріне шыдағысы келмейді, сәйкесінше, ақылын айта бастайды, кейде проблемасын құнсыздандырып жіберуі мүмкін. Сондықтан адамды жақсы тындауға, оны түсінуге тырысуға, қосымша сұрақтар арқылы ойын өрбітуге көмектесетін — терапия жүргізетін психологтер.

— Неге кей адамдар жарақатын түсініп, онымен жұмыс істегеннен кейін де ата-анасына ренішін ұмыта алмайды?

— Дені сау, ақыл-есі дұрыс, қарттығы жетпеген, мидың органикалық ауру-сырқатына ұшырамаған адамның санасында ештеңе ұмытылмайды, өмірімізде болған барлық естелікті жадымызда сақтаймыз. Оның



үстіне, ата-анаға ешқашан ренжімеу, реніші болса да оның ұмыту деген ұғым жоқ. Әкешесі балаға ауыр жарақат салатын, қиын қылмыс жасайтын жағдайлар бар. Олар неге ренішін ұмытуы керек?!

— Интернет пен ақпараттың қолжетімділігі адамдардың өз жарақатын түсінуіне қаншалықты әсер етеді? Психология жайлы ақпараттың көп болуынан адам өзіне түрлі жарақатты таңып алмай ма?

— Ақпараттың көптігінен жарақаттану болмайды. Керісінше, әртүрлі мәліметке қолжетімділік жағдайды тереңірек түсінуге, ол жайлы қандай да бір ұғым қалыптастыруға көмектеседі. О баста адам жан дүниесінде бір аласапыран барын сезеді, сөйте тұра ол сезімі өзіне түсініксіз болады. Кейін әртүрлі деректі зерттеу, оқу, тындау барысында сол ақпараттардың ішкі күйіне сай келіп-келмейтінін байқайды. Бәлкім, психология жайлы ақпараттардың адамның жас шамасына сәйкес болуын қадағалауымыз қажет болар... Мәселен, жасөспірімдердің ересек адамдарға қатысты психологиялық мәліметтерді білуі ерте деп есептеймін, яғни олардың жасынан бұрын оқымауына көңіл бөлу керек. Олар алдымен өзіне тән табиғи процестерден өтуге тиіс.

— Қазіргі ата-аналар баласының жарақат алуына әкелетін жағдайдан қалай аулақ бола алады?

— Баланы кішкентай күнінде қараусыз және ұзақ уақытқа қалдырып кетпеден бастау керек. Әр ана өз нәрестесінің қанша уақытқа шешесіз шыдай алатынын біледі: бірінде — 1 сағат, енді бірінде 3 сағат болуы мүмкін. Бүлдіршін қатты шырқырап жылап, тіпті, қарайтын басқа адам болса да, анасын аңсап қалмауға тиіс. Бала қатты жылап қалған кезде оның психикасында ауыр процестер жүріп жатады. Сондықтан балаңыз тым кішкентай, емізуді болса, оны ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Сондай-ақ баланың болашағында болғалы жатқан үлкен өзгерістер жайлы алдын ала түсіндіруге тырысу керек. Мәселен, бала мектебін ауыстыратын болса, не басқа қалаға, яки үйге көшетін болсаңыз, әсіресе ата-анасы ажырасқалы жатса алдын ала балаға түсіндіріліп айтылуы керек. Бір сәтте «біз ажырасатын болдық» деп әке-шеше екі жаққа кетіп қалуға болмайды. Жалпы, психологиялық жарақат деген не? Ол — адамға күтпеген, білмеген жағдайын төбеден жай түскендей етіп ескертпестен айта салу. Бала бәрібір ештеңе түсінбейді, ол кішкентай деген оймен оған еш жағдайдан хабар айтпай жүруге өсте болмайды. Отбасы өміріндегі балаға қатысты кез келген өзгерісті әрбір жастағы балаға айтып, ескертіп, түсіндіру керек. Ол өзінің ой өрісі, шама-шарқы жеткенше түсінуге тырысады. Мүмкіндігі жеткенін қабылдайды, жетпегенін фантазияға айналдырып алады.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Айдана НҮРМҰХАН



ТАНЫМ



2 ҚАРАША 2024 | СЕНБИ

Технологиялардың шарықтаған заманында түрлі салада мүмкіндіктер ашылып жатыр. Мысалға алатын болсақ, биыл қыркүйек айында Өзбекстанда өткен футболдан Әлем чемпионатында Испания құрамасы Catapult тағатын смарт құрылғысын қолданды. Озық технология жаттығулар мен матчтар кезінде ойыншылардың өнімділігінің нақты уақыт режимінде талдауын қамтамасыз етіп, жаттықтырушыларға стратегияларды жақсартуға және ойыншылардың күрделі жарыстарға толық дайын болуын қамтамасыз етуге көмектесті.

ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ

А Әсет ҚАЛИ

ГАДЖЕТТЕР
БИЛЕГЕН ЗАМАН

Заманауи спортта гаджеттер жаттығу процесін оңтайландыруда шешуші рөл атқарады. Фитнес-трекерлер, смарт сағаттар және заттар интернеті (IoT) технологиялары жүрек соғу жиілігі, қандағы оттегі деңгейі, ұйқы және тіпті күйзеліс деңгейі сияқты маңызды биометриялық көрсеткіштерді бақылай алады. Бұл деректер жаттықтырушылар мен спортшыларға шамадан тыс пайдалану мен жаракаттанудан аулақ бола отырып, максималды нәтижеге жету үшін жаттығу жоспарларын реттеуге көмектеседі. Виртуалды және кеңейтілген шындық (VR және AR) нақты уақытта бәсекелестік жағдайларды модельдеуге және дағдыларды жақсартуға мүмкіндік беретін инновациялық оқыту әдістерін ұсынады. Қол массажері мен ұйқыны бақылау құрылғылары сияқты қалпына келтіру гаджеттері оңалтуды жылдамдатады және денешынықтырудың жоғары деңгейін сақтайды. Технология спорт индустриясын өзгертуде. Өйткені ол жаттығуларды тиімдірек және қауіпсіз етеді және адамдарды үнемі жаттығуға ынталандырады.

«Бұрын уақытты ғана көрсететін сағат қазір зертханаларда жүргізілген жаттықтырушылар мен навигацияны, денсаулық сынақтарын ауыстырды», — дейді «Экстремалды атлетиканың» басқарушы директоры Тимур Артюхин.

— Бұл — бұқаралық спортта алған ең серпінді технологиялардың бірі. Бүгінде гаджеттер кез келген көрсеткіштерді, әл-ауқатымызды, қалай ұйықтайтынымызды, не жейтінімізді бақылауға мүмкіндік береді, тіпті дененің жүктемесі мен параметрлері туралы мезгіл-мезгіл ескертулер береді».

ТАҒАТЫН СМАРТ
ТЕХНОЛОГИЯ —
ЖАҢА ДӘУІР КӨРІНІСІ

Соңғы жылдары әлемде тағатын смарт технологиялардың өрісі кеңейді. Бұл

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ



жетілдірілген құрылғылар спортшылардың жаттығу, жарыс және қалпына келтіру тәсілдерін өзгертіп, бұрын жинау мүмкін болмаған құнды ақпарат береді.

Бұл құралдың негізгі ерекшелігі — спортшылардың көрсеткіштерін жақсарту мүмкіндігін арттырады. Нақты уақытта деректерді жинау және талдау арқылы жаттықтырушылар мен спортшылар жаттығу режимдерін жақсартып, өнімділікті оңтайландыру үшін негізделген шешімдер қабылдай алады. Уақыт өткен сайын бұл құрал спорт әлемінде бәсекелестік артықшылыққа ие болғысы келетін кез келген адам үшін таптырмас технологияға айналады. Смарт сағаттар, фитнес-трекерлер, смарт көзілдірік және тағы басқаларын қоса, тағатын

Coros құрылғылары спортшының ұйқысы мен қалпына келуін бақылауға көмектеседі, — дейді Coros Kazakhstan ресми өкілі Артем Якупов.

Оның айтуынша, жақында Coros спорттық өнімділікті өлшеуге және бақылауға көмектесетін өзінің Evolab платформасын ұсынды. Платформада жаттығу деректері жүктеме, фитнес, шаршау, қалпына келтіру және т.б. графиктер мен болжамдар түрінде ұсынылады. Қазірдің өзінде құрылғыларымыз «білектенің жаттықтырушы» деп аталып кетті.



Бұл — бұқаралық спортта алған ең серпінді технологиялардың бірі. Бүгінде гаджеттер кез келген көрсеткіштерді, әл-ауқатымызды, қалай ұйықтайтынымызды, не жейтінімізді бақылауға мүмкіндік береді, тіпті дененің жүктемесі мен параметрлері туралы мезгіл-мезгіл ескертулер береді».

смарт құрылғылардың түр-түрі бар. Әрбір құрылғы өз мақсаттарына байланысты белгілі бір қызмет етеді.

— Coros гаджеттері бәріміз білетін қарапайым адам көрсеткіштерін ғана көрсетпейді. Оларда аяқ астының биіктігі, оң және сол аяқтың тепе-теңдігі және т.б. сияқты нақты көрсеткіштерді дәлдеп көрсетеді. Сонымен қатар

Тағатын смарт технология бүкіл әлем бойынша кәсіби спорт лигаларының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл құрылғылар командаларға бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге, ойыншылардың жұмысын жақсартуға және спортшының әл-ауқатын қамтамасыз етуге көмектесетін құнды дүние болып отыр.

Мысалы, үздік спринтерлер олардың жылдамдығы мен тиімділігін арттыратын түзетулер жасауға мүмкіндік беретін жүгіру механикасын талдау үшін пайдаланады. Сол сияқты кәсіби жүзушілер жарыста оңтайлы өнімділікке қол жеткізуге көмектесу үшін инсульттің алдын алу тиімділігі мен жүрек соғу жиілігін бақылау үшін тағатын смарт құрылғыларды пайдаланады.

Бұл технология жеке өнімділікті өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар командалардың жұмыс істеу, стратегия құру және бәсекелесу тәсілін де өзгертеді. Деректердің күшін пайдалана отырып, кәсіби спорт лигалары мен элиталық спортшылар жаңа жетістіктерге жетіп, өз салаларында бәсекелестік артықшылықты сақтай алады.

**ФИТНЕС-БАПКЕРЛЕР
НЕ ДЕЙДІ?**

Артық салмақтан құтылу, денені бір қалыпта ұстау сияқты жаттығу залдарында бұл құрылғылардың мүлде қажет емес екенін фитнес-бапкерлер жөн көреді. Солардың бірегейі бодибилдингтен ҚР чемпионы, сертифицирталған фитнес-бапкер Бақытжан Исмаилов:

— Қазіргі дамып жатқан гаджеттерге өз басым сенбеймін. Құрылғы болғаннан кейін олардың істен шығуы немесе көрсеткіштерді көрсетуден қате жіберу ықтималдығы жоғары. Өз клиенттеріме күндік жоспар мен тәртіпті қағазға жазып беремін. Солай жасалған жаттығулар өнімді және пайдалы болады, — дейді.


Сонда да гаджеттердің фитнесі енді бастап жатқан адамдарға көмегі тиері сөзсіз.

— Егер гаджеттер туралы кең мағынада айтатын болсақ, онда жаттығуға дейін/кейін сізге нәтижелер мен тәсілдер санын жазып алуға, жаттығулар жасауға және еске түсіруге арналған жағын қолданған тиімді. Дұрыс тандалған фитнес-гаджет сізге көзбен көріп қана қоймай, нәтижелерді дәл бақылауға және оларды талдауға көмектеседі. Сондай-ақ спортпен айналысқанда диетаны жазуға және бақылауға арналған бағдарламаларды пайдалану өте ыңғайлы. Одан бөлек, жаттығу кезінде музыка да көмекші құрал ретінде жүреді, — дейді MyFitness клубының фитнес-бапкері Артемий Грачёв.

Артемийдің сөзінше, гаджеттерді қозғаушы күш деп ойлауымыз керек. Нәтижеге қол жеткізу бұрынғыдай адамның өзіне байланысты. Спортзалда сапалы жұмыс болмаса, гаджеттермен толық жабықталған болсаңыз да нәтиже болмайды. Бұл ақылды «құрылғылар» дененің жұмысын бақылауға, жаттығу процесіне қажетті түзетулер енгізуге және жаттығу залындағы мақсаттарыңызға тиімдірек жетуге ғана көмектесетінін естен шығармау керек.



2 ҚАРАША 2024 | СЕНБИ



Танымал туындыларды қазақша сөйлеткен әлемдік студиялар қатары толығып жатыр. Disney мен Pixar студияларының қазақ тілін қолдау бастамасын енді Sony Pictures компаниясы қоштады. Аталмыш компания Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұсынысымен «Веном. Соңғы би» (Venom: The Last Dance) фантастикалық экшн туындысын өз қаражатына аударып, қазақша дубляждады.

ВЕНОМ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕДІ



24 қазаннан бастап көрерменге жол тартқан әлемдік үздік фильм — «Веном» трилогиясының қорытынды бөлімі. Marvel комикстеріне негізделген туындының алғашқы екі бөлімі де көрерменнің зор ықыласына бөленіп үлгерген-ді. «Sony Pictures компаниясында дубляж бен локализация әрдайым халықаралық маркетинг стратегиясының ажырамас бөлігі болатын. Бұрыннан келе жатқан серіктесіміз, «Меломан» компаниясымен бірлескен жұмысымыздың аркасында франшизаның жаңа бөлімі «Веном: Соңғы би» туындысында Веном қазақша сөйлегеніне қуаныштымыз», — дейді Sony Pictures компаниясының халықаралық маркетинг жөніндегі вице-президенті Наталия Грыммова.

«Меломан» бас директоры Вадим Голенконың пікірінше, әлемдік алпауыт компаниялар көрерменге қазақ тілінде ұсынылатын туындылардың санын көбейтуі үшін біздің қазақша дубляжға сүйіспеншілігімізді көрсету маңызды.

Фильм режиссері Келли Марсел Эдди Брок пен оның симбиоты Веномды қайта экранға шығарады. Басты рөлді теңдессіз Том Харди сомдайды. Бұл бөлімінде Эдди мен Веном достасып, зұлымдарға қарсы бірге күреседі. Олардың дұшпандары Жер бетінде де, басқа әлемде де қыр сонынан қалмай қойған соң, екеуі қашуға мәжбүр болады. Бұл екеуінің қарым-қатынасы — фильмнің басты ерекшелігі, ал жанкүйерлерге ұнайтын қағытпа қалжындарымен толығып түскен. Фильм Эдди мен Веномның адамдардан және жаңа симбиоттардан жасырынуына мәжбүр болуымен басталады. Оларды әр кадам сайын қауіп күтіп тұрады. Сюжет дамыған сайын симбиоттардың жасаушысы Кнулл пайда болып, шиеленісті күшейте түскен. Том Харди тағы да өз шеберлігін көрсетіп, Эддидің осалдығы мен Веномның бағынбас қылықтарын шебер үйлестіреді. Антаго-

нист рөліндегі Чиветел Эджиофордың кейіпкері оқиғаға тереңдік, ал Агония рөліндегі Джуно Темпл эмоционалды элемент қосқандай әсер қалдырды. Визуал эффектісі таңғаларлық, әрбір кимыл-қозғалысқа толы сәтті шынайы беріп, көрерменді шиеленіс үстінде ұстайды. Саундтрек фильмнің шапшаң ырғағына сай, ал Eminem-нің «Venom (Final Bite)» сияқты әсерлі әні маңызды сәттерді айшықтай түскен. Бұл бөлім алдыңғы фильмдерге қарағанда едәуір салмақты, өзін құрбандық мен батырлық тақырыптарын қаузыады.

«Голливуд студияларының қазақ тілін дамытуға белсенді үлес қосып жатқаны өте маңызды. Биыл еліміздің көрермен қауымына жаңа «Веном: Соңғы би» блокбастерін ұсындық. Қазақша дыбысталған фильмдер көңіл күйінді көтеріп қана қоймайды, олардың орасан зор танымдық әлеуеті бар. Сүйікті қаһармандарыңыз сізге жақындай түсті, елестетіңізші! Веном қазақ тілінде сөйледі. Сол себепті әлемдік студияларға көрерменнің қазақ дубляжына сүйіспеншілігін көрсетуіміз керек деп ойламын. Келер жылы қазақ тілінде шығатын дубляждар мен ғажайып шығармалар туындылардың қатары көбейеді деп күтеміз», — дейді ол.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы да қазақ тіліне аударылған фильмдерді кеңінен насихаттап, кинотеатрларға барып, қазақ дубляжын қолдауға шақырады.

«Әлемдік студиялардың қазақ тілді ортаның қызығушылығын ескеріп, туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы — біз үшін өте жақсы жаңалық. Биылғы әлемдік премьералардың қазақ тіліндегі аудармасы бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге жетті. Қазақша кино қарауға ықыласты қауымның көбейгені анық байқалды. Алдағы уақытта танымал туындыларды қазақ тіліне аудару дәстүрі жалғаса береді. Бұл тіліміздің, әсіресе балалар мен жастар үшін тартымдылығын

арттыруға және кеңінен таратуға бағытталған тиімді тәсіл деп санаймын», — дейді Рауан Кенжеханұлы.

Бұл туындыны қазақстандық Movie Dalen студиясы қазақ тіліне дубляждады. Режиссері — Шах-Мұрат Ордабаев, жобаға елімізге танымал кәсіби артистер Асан Мәжит, Салтанат Бақаева, Нұрай Жеткерген, Батырхан Мәліков, Бауыржан Қаңтарбаев, Анара Батырхан қатысқан. Ninety one тобының солисі Батырхан Мәліков фильмдегі барменді дыбыстаған.

«Дубляж әлемін өте қатты ұнатамын. Дыбыстау барысы, жаңа кейіпкердің мінезін танып, оның табиғатын көрерменге

ұсыну, жалпы үлкен бір қозғалыстың бөлшегі болған ерекше сезім сыйлайды. Бала күнімізде ғаламтордан фильмдерді бірнеше тілде жүктеп алып, әр тілде көріп, қызықтайтын едім. Өскенде кино дыбыстаймын дейтін арманым болды. Бүгінде осы сала бойынша қандай да бір жобаларға қатысып жүргеніме қуаныштымын. Бұл фильмде барменді дыбыстадым. Ол екінші бөлімде титрдан кейінгі сахналарда көрерменге көрсетілген еді. Бұл жолы жеке рөл бар өте қызық кейіпкер. Барменді дыбыстау нәтижесі көңілімнен шықты. Кастингке қатысқан кезде бірнеше кейіпкердің дауысын жазып көрген едік. Егер қандай да бір рөлге бекітіліп

жатсам, кейін жақсы дайындықпен келіп, қайта дауыстармын деп ойлағам. Біраз уақыттан соң үйлестірушілер хабарласып, екі-үш сахнаны ғана қайта жазу керетін айтты. Сөйтсем, кастинг деп жүргенім дыбыстау барысы болған екен. Сол себепті барменді дауысын жазған кезде еркіндік болды. Елімізде қазақша дубляж қарқын алып, ана тілімізде сөйлеп жатқан туындылардың қатары арта бастағанына қуанам және әрдайым қолдауға дайын тұрам. Барша қазақша түсініп-сөйлейтін қауымды бұл туындыны тамашалауға шақырамын!» — дейді Батыр.

Бұған дейін Disney, Pixar сынды халықаралық студиялар әлемдік танымал туындыларын өз есебінен қазақ тіліне аударып, кәсіби дубляж жасады. «Ойжұмбақ 2» фильмі 128 миллион теңге жинап, бұған дейін көрсетілген туындылар арасында рекорд орнатқан еді. Қырғызстан, Армения, Грузия, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан елдері арасында Қазақстан жиналған сома бойынша бірінші орында тұрды. 2025 жылы «Ақшақар» фильмін қазақшалау жоспарланып жатыр.

«Қазақ тілі» қоғамы халықаралық студияларға ұсыныс жасап, қазақтілді көрермен арасында насихаттау жұмысына белсенді қатысып жатыр. Осы бастамаға мұрындық болған «Қазақ тілі» қоғамының негізгі жұмыс бағыттарының бірі — қазақ тіліндегі мазмұнды арттыру, балалардың қазақша сөйлеуіне қажет құралдардан бастап, әр адамның тұлға және маман ретінде қалыптасуына керек мазмұн қорын көбейтуге бағытталған шаралар кешенін дайындау. Балалар әдебиеті, іскерлік және ғылыми әдебиетті қамтитын аударма ісі басталды. Жас балалардың тілін қазақша шығаруға, қиялын дамытуға көмектесетін, оқып-үйрену дағдыларын қалыптастыратын ойыншықтар жасау қолға алынған. Қор басшылығы мазмұн бағытында балаларға арналған қазақ тіліндегі анимациялық туындылар мен фильмдерді көбейтуді маңызды деп санайды.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының негізгі жұмыс бағыты анимациялық фильмдерді қазақшалап жатқан әлемдік компаниялардың ұстанымымен үндес келеді. «Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілдегі контент қорын, атап айтқанда, бала тілін қазақша шығаруға қажет құралдардан бастап, әр адамның қазақ тілі аясында тұлға әрі маман болып қалыптасуына керек мазмұн қорын арттыруға басымдық береді. Әлемдік анимация жауһарлары, қазақ тіліндегі кинопрокат бағытындағы контентті қазақ тіліне аудару бастамасын барынша қолдаймыз. Sony Pictures компаниясының бұл бастамасы өзге де контент өндірушілерге өте жақсы үлгі деп санаймыз», — дейді «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

Айта кетейік, «Меломан» компаниясының мәліметінше, «Веном. Соңғы би» (қазақша дубляжы) көрерменге жол тартқан алғашқы демалыс күндері 18 миллион теңгеден астам қаражат жинады.

Асыл ТҰМАР

АЙМАҚ

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Былтырғы дүрбелең кезінде алдағы жылға қант қызылшасы алқаптарын арттыру көзделіп отырғанын айтып, келер күзде тәтті түбір өткізуде қиындықтар болуы мүмкін екенін болжаған едік. Сонымыз шындыққа айналғандай. Қазір Жамбыл облысының қызылшашылары жиналған өнімдерін қайда жіберерін білмей дал болуда. Алатау асырып, қырғыз ағайындар мен Жетісудағы «Ақсу» қант зауытына өткізе бастап еді. Жақында ақсулықтар Жамбыл облысынан шикізат қабылдауды тоқтатқандарын мәлімдеді. Өйткені Жетісу облысындағы екі қант зауыты осы өңірдегі аудандардан жиналған тәтті түбірді қайда сақтарын білмей, естері шығып отыр. Осыдан біраз бұрын «Көксу» қант зауыты он күнге шикізат қабылдауды тоқтатып, қызылшашыларға өнімін Ақсуға өткізуге кеңес берген. Қазір «Ақсу» қант зауытының шикізат сақтайтын қаттық алаңы да аузы-мұрнынан шығып, тәтті түбір үйінділерін өңдеп үлгермей жатыр. Мұндай жағдай «Көксу» қант зауытында да болып, көксулықтар биыл берекелі болған мол өнімді не істерін білмей қиналуда.

Биыл Жетісу облысында 13 700 гектарға қант қызылшасы егілсе, одан жалпы 615 мың тонна тәтті түбір жиналады деп болжанған. Қазір осы 13 700 гектардың 8 600 гектарынан 403 мың тонна өнім алыныпты. Жалпы, себілген көлемнің 63 % жиналған тәтті түбірдің 352 мың тоннасы «Ақсу» және «Көксу» қант зауытына өткізіліпті.

Былтыр күзде Жетісу облысында жүгерішілер ала жаздай табан ет, маңдай терін төгіп өсірген жүгерілерін қабылдау бағасы тым арзан болғандықтан дер кезінде жинай алмай, жинағанын өткізе алмай әбiгерге түскен еді. Жүздеген гектар «дала аруы» орылмай алқаптарда қалып, қоймалар мен қырдандарға үйілген мыңдаған тоннасы іріп-шіріп кеткен болатын. Үкімет деңгейінде назар аударылып, жиыннан-жиын өткізілгенмен мәселе толығымен шешілмей, жүгерішілер зиян шегіп, екінші қайтіп бұл салаға жоламастай күй кешкен. Биыл дәл осындай жағдай қант қызылшасына байланысты қалыптаса бастады.

**ҚЫЗЫЛШАШЫЛАРДЫҢ
КӨҢІЛІ АЛАҢ**

Бұл туралы Талдықорғандағы Журналистер үйінде өткен брифингте облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрділет Кененбаев мәлімдеді. Оның айтуына қарағанда, облыстағы қант қызылшасын жинау және өнімді зауыттарға өткізу мәселе-

сіне қатысты жағдай қалыпты. Дабыл қағатындай кемшіліктер жоқ. Қазір 13 700 гектар қызылша алқабының қалған 5 100 гектарында тәтті түбір жинау жұмыстары қарқынды. Гектар өнімділігі 472 центнерден айналып отыр және бұл жақсы көрсеткіш. Облыстағы

екі зауыттың қуаттылығы 700 мың тонна өнім өндеуге жетеді. Әзірге кәсіпорындарға облыс шаруашылықтарынан 352 мың тонна өнім өткізіліп, өңдеу жұмыстары өз ырғағында жүргізілуде. Дегенмен шикізат қабылдауда азды-көпті мәселелердің бары рас. Олар қаттық алаңдардың тарлығына және соған сай шикізатты сақтауға байланысты болып отырған көрінеді.

— Бізде қант қызылшасының себілуінен бастап, жиналуына дейінгі барлық жұмыс үдерісі жан-жақты ойластырылған. Қызылшаны қазуға жалпы 103 комбайн жұмылдырылды. Мол өнімді шашпай-төкпей жинау үшін бюджеттен қаражат бөлініп, 19 жапырақ жинағыш пен 20 комбайн саптып алынып, шаруаларға таратылды. Ендігі жерде зауытқа өнім өткізуге тұрған көлік кептелісін азайту мақсатында шараларды қолға алудамыз. «Көксу» қант зауыты аудандар үшін арнайы кесте жасады. Аталған кәсіпорын бүгінге дейін күніне 3 мың тонна шикізат қабылдаса, алдағы кезде оны 4 мыңға дейін көтермек. Қазір қалған 5,1 мың гектарда жүріп

жатқан қызылша қазуды қарашаның 20-сына дейін аяқтауға мүмкіндігіміз бар. Жалпы, қант қызылшасын жинау мен өткізу мәселелері облыстық жедел штабтың тұрақты бақылауында, — дейді Н.Кененбаев.

Брифингке арнайы келген зауыт басшылары да өздері басқаратын кәсіпорындардың өнім қабылдауға қатысты жұмыстарының жай-жапсарын баяндады.

— «Көксу» қант зауытында күні кешеге дейін тәулігіне 150-160 жүк көлігін немесе 3 мың тонна өнім қабылдап келдік. Қазір қағат алаңында жиналып қалған 140 мың тонна тәтті түбірді өндеуге кіргізіп жатырмыз. Жұмыс қарқынды, соған қарамастан аландар бірден босай қоймайды. Өйткені шикізаттың орнын тазалау жұмыстары да уақыт алады. Қазір қосымша жер дайындаудамыз. Қалай әзір болады, солай күніне 4 мың тонна қабылдауға көшеміз, — дейді «Көксу» қант зауытының директоры Алтынбек Абатов.

Ал «Ақсу» қант зауытының директоры Самат Нәдірбековтың айтуына қарағанда, қазірге дейін «Ақсу» қант зауытына 210 мың тонна қант қызылшасы кіргізіліпті. Қазанның 22-сіне дейін күніне 300 автокөліктен қабылдап келгенімен сонан кейін қағат алаңының толуына байланысты күніне 160-170 машина кіргізуге мәжбүр болған. Соған сай 25 қарашадан бері Жамбыл облысынан қызылша қабылдау тоқтатылыпты. Қазір Ақсу, Сарқан, Алакөл ауданы шаруашылықтарынан қызылша қабылданып жатыр. 1 қарашадан кейін Талдықорған өңірінен де өнім қабылдау басталмақ.

**АДАМДАР ГАЗДАН ҚАШАНҒЫ
АЖАЛ ҚҰШАДЫ?**

Жамбыл облысында жылыту маусымы оқыс оқиғамен басталды. Екі ауданда газдан улану деректері тіркеліп, ажал құшқандар бар. Жауаптылар «жылыту маусымына сақадай сай дайынбыз» дегенімен, жеке сектордағы жағдай бақылаусыз қалған сияқты. Олай дейтініміз — екі қайғылы оқиғада да көгілдір отынның мұржасы бітеліп, тұрғындар түн ұйқысында тіл тартпай кеткен. Сонда бұған кім кінәлі? Халықтың жауапсыздығы ма, әлде төлемін төлетіп тиісті тексеру жүргізбеген мекеме ме?

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қазір облыстық Полиция департаменті Т.Рысқұлов ауданында бір отбасының ата-анасы және олардың кәмелетке толмаған екі қызының, сондай-ақ Жамбыл ауданындағы 61 жастағы әйел мен ересек ұлының қайтыс болу дерегіне қатысты «Адам өлімі» бойынша қылмыстық іс қозғалғанын айтады.

Ал QazaqGaz Aймақ АҚ Жамбыл аумақтық филиалы тұрғындардың газдан улану себебі толықтай анықталғанын алға тартты.

«17 қазанда сағат 07:40 шамасында Жамбыл ауданы Қызыл Шарық ауылында жеке тұрғын үйде табиғи газды пештің сөніп қалу салдарынан үш адам уланып отыр. 1963 жылы туған үйдің иесі және оның 1988 жылы дүниеге келген ұлы сол жерде қайтыс болды. Ал 2007 жылы туған немересі ауыр жағдайда ауруханаға жатқызылды.

Сондай-ақ 16 қазан күні Т.Рысқұлов ауданы Жарылу ауылында жеке тұрғын үйде газдың шығып кетуіне байланысты (шайнек қайнаған кезде сөнген газ плитасы) 1967 және 1975 жылы туған үй иелері, сондай-ақ олардың 2011 және 2019 жылы туған балалары газдан уланып, қайтыс болды. Екі жағдай бойынша да сот-медициналық сараптама тағайындалды», — делінген аумақтық филиалдың ресми ақпараттында.

Жалпы, бұл бірінші мәрте болып отырған жағдай емес. Өткен жылдары да Т.Рысқұлов пен Меркі аудандарында осындай қайғылы оқиғалар болып, бүтін бір үйдің мүшелері газдан уланып көз жұмған болатын. Сол тұста жергілікті билік өкілдері мен қауіпсіздікке жауапты мекемелер газ құбырын тексеруді бір-біріне сілтеп, соны жұмысты жүйелеу үшін газ-техникалық инспекциясы құрылатын болып шешілген. Алайда бұл бастама айтылған жерінде қалып, сол



қайғылы оқиғадан ешкім сабақ алмаған тәрізді. Олай дейтініміз — биыл міне дәл сондай жағдай қайталанып отыр.

Бүгінде әлеуметтік желілерде екі аудандағы газдан улану дерегіне қатысты азаматтар түрлі пікір айтып жатыр. Халықтың дені газ құбырын тексеруге жауапты мекеме төлемін алғанымен, тиісті деңгейде жұмыс істемей отырғанын сынға алуда.

«Жыл сайын техникалық бақылаудан өткізуге төлем келеді. Төлемесен жаныңды қоймайды. Бірінші тексеріп, сонан соң ақысын алса болады ғой. Болмаса төлеген соң артынша тексерсін. Былтыр «төле» деп келді бақылаушы. «Неге тексермейсіздер?» десем, «Саған тексеру керек боп тұр ма?!» деп өзіме бәле қылды. Сонда «тексеріс керек болса, айыппұл арқалатып жібере-

мін» дегенді меңзеп тұрғаны ғой. Егер газ құбырына ешқандай тексеріс жүргізілмейтін болса, біз не үшін ақша төлеуіміз керек?», — дейді ашынған тұрғын Гүлхан Әлімбаева.

Нұрбек Мұбарак есімді тұрғын да бұл оймен келіседі. Ол қажетті төлемін алып, алайда тексеріс жүргізбеген мекемені жауапқа тартуға шақыруда.

Алайда QazaqGaz Aймақ АҚ Жамбыл аумақтық филиалы жеке сектордағы тұрғындар газ құбырын тексертуге өздері ынта таныта бермейтінін алға тартуда. Өйтпесе, филиал тарапынан жылыту маусымы қарсаңында газ құбырын тексертіп барып, көгілдір отынды қосу туралы үндеу бірнеше мәрте жасалыпты. Бұқара арасында бұл сөзді қолдап отырғандар да бар.

«Негізінде, әрбір адам өз үйіндегі газ пешіне өзі жауапты ғой. Өзі мен жақындарының өмірін ойлап, газ құбырларын арнайы тексертіп алған абзал. Мәселен, біз үйге газ кіргізерде көгілдір отын таратуға жауапты мекемеден маман шақырып, газды қалай қолдану керек екенін жан-жақты түсініп алдық. Сосын маман газды қалай пайдалану туралы ережесі көрсетілген жаднаманы пештің бір бұрышына жапсырып кетті. Егер қандай да бір ақау немесе газ иісі шығатын болса, «104» нөміріне хабарласындар деп кеңес те берді. Сондықтан ойлаймын, сақтық пен қауіпсіздік ең бірінші адамның өзінен басталуы керек», — дейді Самал Болат есімді тұрғын.

Өткен жылдан бастап Тараз қаласы әкімдігі «Шалғай Қарасу», «Шөлдала» және «Құмшағал» сынды иіндерде тұратын әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға улы газ сезбегін (датчик) орнату жұмыстарын бастап кетті. Аталған сезбектің ерекшелігі — егер газ құбырынан ақау шығып, улы газ бөлмеден таралатын болса дереу дабыл белгісі қосылады. Құлақ тұндыратын бұл дыбыс ұйқыда жатқан адамды оятып ғана қоймай, үні жақын үйдегі көршісіне дейін естіледі екен. Мұндай ақылды қондырғы әзірге Тараз қаласындағы иіндегі үйлерге орнатылуда. Егер осы сезбекті облыс көлемі бойынша тұрғын үйлерге қолпай орнатса, талай қайғылы оқиғаның алдын алар ма едік? Енді оны билік мінберінде отырған басшылардың таразысына қалдырдық. Десе де, егер осындай ауқымды, әрі батыл шешімдер қабылдасак құр сөзбен қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайтынымыз анық.

AIQYN-LIVE

2 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Шымкенттегі «Достық үйінде» қалалық Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен осындай тақырыпта фестиваль өтті. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн», – деп атап көрсеткен болатын.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Осы бағытта Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасы аясындағы іс-шараның мақсаты – ұлттық киім тігумен және ұлттық нақышта зергерлік бұйымдар жасаумен айналысатын шеберлердің бұйымдарын дәріптеу арқылы өскелең жас буынды ұлттық рухта тәрбиелеу.

Фестиваль аясында жергілікті колөнер шеберлері мен дизайнерлер дайындаған ұлттық киімдер мен зергерлік бұйымдар қойылған көрме ұйымдастырылып, «Достық үйінің» үлкен залында этно стильдік және заманауи сәндік киім үлгілерінің көрсетілімі өтті.

Шымкент қаласы Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы Айгерім Жұмағұлова, қалалық «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Нұркен Әлімқұлов қатысып, ұлт мәдениеті мен ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген колөнер шеберлерін құттықтады.

– Біздің мақсат – ұлттық киім тігумен және ұлттық нақышта зер-

ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰРПАҚҚА МҰРА

герлік бұйымдар жасаумен айналысатын шымкенттік шеберлердің, суретші-дизайнерлердің туындыларын дәріптеу арқылы жалпыұлттық бірлік пен татулық құндылықтарын насихаттау, – деді басқарма басшысы.

Ал таяуда ғана Халықаралық деңгейде өткен фестивальде жүлделі 1-орынды иеленген сәнгер Марат Ерімбетов ұлттық киімдерді әлемдік деңгейде танытуды көздейді. «Сән әлемі үнемі жаңарып отырады. Тек денені жабу үшін ғана емес, қазақта сырт киім арқылы астарлы, ойлы сөздерді жеткізетін болған. Бүгінгі фестивальге 2 топтама алып келдім. Бірі ұлттық киімдерді этностильде жаңғырту болса, келесі заманауи стильді қамтыды», – деп атап өтті Марат Ерімбетов.

Фестиваль барысында қазақтың ұлттық киімдерінің этностильдік және

заманауи үлгілері бойынша Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Ақ баян» сән театрының топтамасы, А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледждің топтамасы, Г.Еспай жетекшілік ететін «Аруаналар» топтамасы №5 Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжінің топтамасы, Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің «Асыл мұра» топтамасы, Б.Жетібайева жетекшілік ететін «Асыл мұра» топтамасы және Орталық Азия инновациялық университеті «Сән» топтамасын жұртшылық назарына ұсынды.

Өз кезегінде кәсіби мамандардан жасақталған қазылар алқасы фестиваль қорытындысы бойынша үздік деп танылған жеңімпаздарды анықтап, арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапаттады.



ҰЛТ ДӘСТҮРІН ҰЛЫҚТАҒАН

Астана төрінде жас отбасылар арасында «Қазағымның дәстүрлері-ай» атты мәнамызы ерекше байқау өтті.

Астана қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» орталығының қолдаумен «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі өткізген ұлттық байқауға елордалық сегіз жас отбасы қатысты. Сайыстың мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын заманға сай жаңғырту, жастар арасында насихаттау, отбасы институтының мәртебесін көтеру.

Отбасылық сайысқа жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әкім Ысқақ, Президенттік орталыққа қарасты Мәдени және білім беру жобалары қызметінің жетекші ғылыми қызметкері Ақбота Хамитова, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айнұр Жүгінісова, Қ.Мұхамедханов атындағы №90 мектеп-гимназиясының ұстазы, айтыскер ақын Азамат Малжанбай және Журналистер одағының мүшесі, этнологтарихшы Тұрар Шәкен қазылық етті.

– Қоғамда отбасылық құндылықтарға байланысты проблема көп. Сондықтан ұлттық дәстүрлеріміз әр отбасында дәріптеліп, балаларға қазақтың тәрбие



берілсе, отбасы институтының мәртебесі биіктеп, ұлттық құндылықтарымыз ұлықталса деген мақсатта өткізіп жатырмыз, – дейді «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тұрар Сәттарқызы.

Биыл байқауға қатысуға 15-ке жуық жас отбасыдан өтінім келіп түссе, байқау шартына сәйкес олардың арасынан 8 отбасы іріктеліп алынған. Сайыста ата-әжелер жас ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі ой айтып, тағылымды жыр оқып, ән салды. Ал жігіттер жағы қамшы өріп, білектілік көрсетіп жатса, олардың жұбайлары ұмыт болған ұлттық тағамдарды дайындап, балалар өнерлерін ортаға салды. Осылайша, салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды қайта жаңғыртып өзара бақ сынасты.

– Байқауға қатысу қиындық тудырған жоқ. Күнделікті дайындалдық. Үйде үлкен атамыз бар. Ол кісі өзі ақын, жазушы. Жолдасым Бақытбек Мекебайұлы екеуіміз мектепте ұстазбыз. Өзіміз тіл мамандары болғаннан кейін бізге қатты қиындыққа соққан жоқ. Балаларымыз да қазақи. Ұлттық салт-дәстүрлерімізді үйде де күнделікті қолданып жүреміз, – дейді Мекебай ата отбасының келіні Назгүл Қызырқызы.

Байқау нәтижесінде бас жүлде Мекебай отбасына бұйырды. Бірінші орынды Мұқановтар отбасы жеңіп алса, екінші орынды Сембековтер отбасы еншіледі. Үшінші орынды Сауханов пен Хысайхан отбасы иеленді. Ал арнайы номинациялар бойынша «Өнегелі отбасы» – Қалитовтер отбасына, «Дәстүрге берік отбасы» – Пірімқұловтар отбасы мен «Көрермен көзайымы» Мұқановтар отбасына табысталды.

Венера МҰРАТҚЫЗЫ

NUR MEDIA
МЕДИА ХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4516
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,